Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Химия және химиялық технология факультеті
Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер
технологиясы кафедрасы

ОӘЖ 66.087:544.6

Қолжазба құқығында

ДЖУМАНОВА РАЙГУЛЬ ЖУМАХАНОВНА

8D07102-Химиялық инженерия

Философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Магний-ионды батареялар үшін титан оксиді негізінде наноқұрылымды анодтық материалды алу

Отандық ғылыми жетекші:
PhD, қауым. проф.
Рахымбай Г.С.

Шетелдік ғылыми жетекші:
PhD, asosiate prof., Florence Vacandio
Экс-Марсель университеті
MADIREL ғылыми-зерттеу орталығы
Марсель, Франция

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
	КІРІСПЕ	6
1	**ӘДЕБИ ШОЛУ**	
1.1	Экологиялық таза және тұрақты энергия көздеріне сұраныс және аккумуляторлардың рөлі	12
1.2	Заманауи аккумуляторлық технологиялар	12
1.2.1	Қайта зарядталатын Mg батареялары	15
1.2.2	Магний-ионды батареялардағы электролиттер, еріткіштер және сепараторлар	16
1.3	Магний-ионды батареялар үшін анодты материалдар	19
1.3.1	Металдар мен олардың құймалары (XIV топ элементтері: Si, Ge, Sn және Pb)	20
1.3.2	Қабатты құрылымды интеркаляциялық материалдар	22
1.3.3	TiO_2 анодты материалы туралы жалпы мәліметтер	24
1.4	Титан оксиді наноматериалдарын алу әдістері мен қасиеттері	26
1.5	TiO_2 нанотүтіктерге магний иондарының разрядталуын модельдеу	32
2	**ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ**	
2.1	Қолданылған материалдар мен реагенттер	34
2.2	Наноқұрылымды титан оксидін алу	34
2.2.1	Электрхимиялық анодтау әдісімен нанотүтіктер алу	35
2.2.2	Гидротермиялық әдіспен наноталшықтар алу	37
2.2.3	Қатты фазалы химиялық реакция әдісімен нанотаяқшалар алу	39
2.3	Әртүрлі әдістермен алынған титан оксиді негізіндегі анодтық материалдарды дайындау	40
2.4	Синтезделген анодтық материалдардың морфологиялық сипаттамаларын зерттеу үшін қолданылатын аспаптар мен құрылғылар	44
2.5	TiO_2 негізіндегі наноматериалдардың электрхимиялық қасиеттерін зерттеуге қолданылған құрылғылар мен эксперименттік жағдайлар	44
3	**НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАУ**	

3.1	Әртүрлі наноқұрылымды TiO_2 морфологиялық және құрылымдық сипаттамаларын зерттеу	46
3.2	TiO_2 негізіндегі наноматериалдардың электрхимиялық қасиеттерін зерттеу	52
3.2.1	Нанотүтікті TiO_2 морфологиясына Mg^{2+} иондарының интеркаляция/деинтеркаляция процестерінің әсерін зерттеу	52
3.2.2	TiO_2 наноталшықтарының электрхимиялық сипаттамаларын зерттеу	62
3.2.3	TiO_2 нанотаяқшаларының $Mg(ClO_4)_2$ электролитінен магнийдің разряды және иондалуын зерттеу	70
3.3	Әртүрлі наноқұрылымды TiO_2 материалдарының қасиеттерін салыстырмалы бағалау	83
3.4	TiO_2 нанотүтіктеріне Mg^{2+} иондарының разряд процесін COMSOL Multiphysics көмегімен модельдеу	86
3.5	Анодтық материалды алудың технологиялық алгоритмі	102
ҚОРЫТЫНДЫ		105
ЖАРИЯЛАНЫМДАР ТІЗІМІ		107
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ		109

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

МемСТ 6.38-90. Құжаттардың біріздендірілген жүйелері. Ұйымдастыру өкімдік құжаттамалар жүйесі. Құжаттарды ресімдеу талаптары.

МемСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері.

МемСТ 7.32-2001. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша есеп. Құрылымы және ресімдеу ережесі.

МемСТ 7.9-95. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Реферат және аннотация. Жалпы талаптар.

МемСТ 8.417-81. Өлшем бірліктерді қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Физикалық шамалар бірліктері.

МемСТ 8.315-97. Өлшем бірліктерді қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілері. Негізгі ережелер.

МемСТ 1770-74 (ИСО 1042-83, ИСО 4788-80). Зертханалық өлшеуіш шыны ыдыс. Цилиндрлер, мензуркалар, колбалар, пробиркалар. Жалпы техникалық шарттары.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ХТК	–	химиялық ток көзі
МИБ	–	магний-ионды батареялар
ҚМБ	–	қайта зарядталатын магний батареялары
ЛИБ	–	литий-ионды батареялар
НИБ	–	натрий-ионды батареялар
ДМФА	–	диметилформамид
АН	–	ацетонитрил
ТГФ	–	тетрогидрофуран
СЭМ	–	сканерлеуші электронды микроскопия
РДТ	–	рентген-дифракциялық талдау
РСМ	–	рентген-спектральді микроанализ
ЭДС	–	энергия-диапазонды рентген
	–	спектроскопиясы
СВ	–	сызықтық вольтамперометрия
ЦВА	–	циклдік вольамперометрия
EIS	–	импедансты спектроскопия
ХП	–	хронопотенциаметрия
SEI	–	қатты электролиттік аралық қабат
ССЭ	–	стандартты сутегі электроды
ОБ	–	оттекті бос орындар
ПӘК	–	пайдалы әрекет коэффициенті
η, КТ		Кулон тиімділігі
D_{Mg}		магнидің диффузия коэффициенті
SHE		стандарттық сутек электроды

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Диссертациялық жұмыс титан оксиді (TiO_2) негізіндегі наноқұрылымды анодтық материалдарды магний-ионды батареялар (МИБ) үшін перспективті энергия жинақтау жүйелері ретінде әзірлеуге және зерттеуге арналған. Жұмыс аясында титан оксидінің әртүрлі морфологияларын – нанотүтіктерді, наноталшықтарды және нанотаяқшаларды алу бойынша синтез параметрлерін бақылау арқылы олардың фазалық құрамы мен құрылымдық-морфологиялық сипаттамаларына әсер ететін технологиялық тәсілдер іске асырылды. Алынған құрылымдардың физика-химиялық қасиеттері мен электрхимиялық әрекетіне кешенді талдау жүргізілді, оның ішінде олардың сыйымдылық сипаттамалары, тұрақтылығы және Mg^{2+}-иондарының интеркаляция/деинтеркаляция процестерінің кинетикасы бағаланды.

COMSOL Multiphysics платформасын пайдалана отырып**,** TiO_2 нанотүтікті анодында магний иондарының разряд процесін сипаттайтын, жүйенің нақты геометриялық және физикалық параметрлерін ескеретін екі өлшемді сандық модельдеу жүргізілді. Модельдеу нәтижесінде ток тығыздығының біркелкі бөлінуін, Mg^{2+} иондарының тиімді тасымалын және анодтық материалдың электрхимиялық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нанотүтіктердің оңтайлы геометриялық арақатынасы анықталды. Жұмыста сондай-ақ, анодтық материалдарды алудың әмбебап сызбасын құрайтын технологиялық алгоритм ұсынылды, ол прекурсорларды таңдаудан бастап синтезге, құрылымдық-морфологиялық және электрхимиялық сипаттамаға, модельдеуге және оңтайландыруға дейінгі барлық негізгі кезеңдерді біріктіреді. Алынған нәтижелер жаңа буын магний-ионды энергия көздеріне арналған анодтарды жобалаудың инженерлік негізін қалыптастырады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Литий-иондық батареялардың (ЛИБ) қауіпсіздікке қатысты шектеулері, литийдің жер қыртысындағы ресурстарының азаюы мен жоғары бағасы жаңа энергия сақтау жүйелерін іздеуге түрткі болуда. Магний-ионды батареялар өз кезегінде бірқатар артықшылықтарымен ерекшеленеді: магний металы дендрит түзбейді (қауіпсіздік), тотығу потенциалы төмен (-2,37 В), көлемдік сыйымдылығы жоғары (3833 мА·сағ/см^3), экологиялық таза әрі кең таралған элемент ретінде қолданысқа өте ыңғайлы [1-3].

Соған қарамастан, МИБ жүйелерінің дамуын тежейтін басты кедергілердің бірі – магний иондарының қайтымды интеркаляциясына қолайлы тиімді анодты материалдардың жетіспеушілігі. Металдық магнийдің сулы электролиттерде коррозияға ұшырауы және сусыз электролиттерде қатты электролит аралық қабатының түзілуі жүйенің тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, Mg^{2+} иондарының электрод торымен күшті электростатикалық әрекеттесуі иондардың баяу диффузиясына әкеліп,

интеркаляциялық процестердің тиімділігін төмендетеді. Осы мәселелерді шешу үшін Mg^{2+} иондарын тиімді және қайтымды түрде интеркаляциялай алатын жаңа анодты материалдарды әзірлеп, ұсыну маңызды. Пассивті қабаттар түзбейтін анодтарды пайдалану перспективті бағыттардың бірі. Құйма негізіндегі анодтар ЛИБ жүйелерінде жақсы нәтижелер көрсеткенімен, олардың МИБ жүйелерінде тиімділігі жеткіліксіз, өйткені магнийдің химиялық қасиеттерінің ерекшеліктері әсер етеді [4].

Соңғы жылдары V_2O_5, VS_4, TiS_2 сынды қатпарлы құрылымды интеркаляциялық материалдар мен $Li_4Ti_5O_{12}$, $Na_2Ti_3O_7$ тәрізді қосылыстар да қарастырылды. Алайда олардың магний иондарына қатысты сыйымдылығы шектеулі және диффузиялық кинетикасы баяу, сондықтан анодтық материал ретіндегі қолданысы шектеулі [5-9]. Идеал анод материалына қойылатын негізгі талаптар — жоғары сыйымдылық, жылдам ион/электрон өткізгіштік және ұзақ циклдік тұрақтылық.

Барлық мүмкін үміткерлердің ішінде титан оксиді (TiO_2) осы талаптарға барынша сәйкес келеді. Бұл материал Mg^{2+}, Li^+ және Na^+ иондары үшін интеркаляцияға қолайлы құрылымға ие, табиғи ресурстарда кең таралған [9, 10], экологиялық қауіпсіз және органикалық электролиттермен үйлесімді [11].

Берілген жұмыста титан оксидінің әртүрлі наноқұрылымды морфологияларын (нанотүтіктер, наноталшықтар, нанотаяқшалар) қолдану ұсынылады. Мұндай құрылымдар анодты материалдың беттік және өткізгіштік қасиеттерін жақсартып, заряд тасымалдануын жеңілдетеді:

- нанотүтіктер иондардың миграциясын жеңілдетіп, механикалық тұрақтылықты арттырады;
- наноталшықтар үздіксіз электронды өткізгіштікті қамтамасыз етіп, олардың жоғары кеуектілігі мен пен дамыған белсенді беті электрхимиялық процестердің тиімділігін жоғарлатуға мүмкіндік береді;
- нанотаяқшалар бағытталған каналдары арқылы Mg^{2+} диффузиясын жылдамдатып, материалдың циклдік тұрақтылығын жақсартады.

Бұған дейін осындай морфологиялар ұқсас жүйелерде өз тиімділігін дәлелдеген: нанотүтіктер литий ионды аккумуляторларда Li^+ диффузиясының жылдамдауына және құрылымдық тұрақтылығына байланысты жоғары нәтижелер көрсетсе [12], наноталшықтар мен нанотаяқшалар түрлі оксидтер құрамында (MnO_2, V_2O_5 және т.б.) жақсы электрхимиялық сипаттамалар мен тұрақтылық танытты [13, 14]. Бұл деректер олардың көпвалентті иондардың интеркаляциясына әмбебап және перспективті құрылым екенін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Магний-иондық батареяларға арналған жаңа наноқұрылымды анодтық материалдарды жасау.

Зерттеу міндеттері:

1. Титан оксиді негізіндегі әртүрлі наноқұрылымды материалды алу және олардың морфологиялық, құрылымдық пен элементтік құрамын заманауи аспаптық әдістермен зерттеу.

2. Синтезделген анодтық материалдардың электрхимиялық қасиеттерін циклдік вольтамперометрия және гальваностатикалық әдістерімен зерттеп, Mg^{2+} иондарының интеркаляция/деинтеркаляция процестерінің кинетикалық параметрлерін анықтау.

3. Mg^{2+} иондарының интеркаляция/деинтеркаляция процестерінің анод материалының әр түрлі құрылымына тәуелділігін анықтап, оларды Mg-ионды жүйеде қолдану тиімділігін бағалау.

4. COMSOL Multiphysics бағдарламасы арқылы TiO_2 наотүтіктеріне магний иондарының разрядталуын сандық түрде модельдеу.

5. Магний-ионды батарейлердің тиімділігін арттыру үшін анодтық материалдарды алу мен зерттеудің әмбебап технологиялық алгоритмін әзірлеу.

Зерттеу нысаны:

Магний-иондық батареяларға арналған титан оксиді негізіндегі наноқұрылымды анодтық материалдар (нанотүтіктер, наноталшықтар және нанотаяқшалар).

Зерттеу пәні:

Әртүрлі әдістермен алынған наноөлшемді морфологияға ие TiO_2 анодтық материалдарының электрхимиялық қасиеттері, соның ішінде заряд/разряд процесі кезінде Mg^{2+} иондарының интеркаляция және деинтеркаляция заңдылықтары мен материал құрылымының осы процестерге әсері.

Зерттеу әдістері.

Электрхимиялық анодтау, гидротермиялық және қатты фазалық химиялық реакция, рентгендік фазалық талдау, беткі керілу бұрышын анықтау, энергия дисперстік талдау, сканерлеуші электронды микроскопия, циклдік вольтамперометрия және гальваностатикалық заряд/разряд.

Құрал-жабдықпен қамтылу

ISO-TECH IPS-603 генераторы, ZEISS Gemini SEM, ЭДС, Bruker D5000 – Biolin Scientific оптикалық тензиометрі, MBraun Labstar, Biologic VMP-300 потенциостаты, түтікті және муфельді пештер, вакуумды кептіру пеші, ультрадыбыстық ванна, планетарлық диірмен, автоклавт.

Ғылыми жаңалығы:

1. Алғаш рет магний иондық батареялар үшін анод материал ретінде әр түрлі наноқұрылымды TiO_2 зерттеліп, олардың қолдану мүмкіндігі анықталды. TiO_2 морфологиясы мен Mg^{2+} интеркаляциясы/деинтеркаляция процестер арасындағы тәуелділік көрсетілді.

2. Алғаш рет TiO_2 нанотүтіктеріндегі магний иондарының разряд процесінің сандық моделі COMSOL Multiphysics бағдарламасымен құрылды. Модель нақты геометриялық сипаттамаларды, масса алмасу процестерін және электрхимиялық реакциялардың кинетикасын қамтиды, бұл анодтық материалдың тиімділігін шектейтін негізгі факторларды айқындауға мүмкіндік берді.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыста титан оксиді негізіндегі наноқұрылымды материалдарда магний иондарының (Mg^{2+}) интеркаляция процестері зерттелді. Бұл МИБ жүйелерді теориялық тұрғыдан негіздеу үшін аса маңызды. Жұмыста наноматериалдардың морфологиясы, геометриялық сипаттамалары және реакциялық кинетикасын ескере отырып, масса тасымалы мен заряд тасымалы үдерістері сандық түрде модельденді. Алынған нәтижелер көпвалентті иондардың қатты фазалық құрылымдардағы әрекетін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге жол ашып, TiO_2 материалының тиімді және тұрақты анодтық фазалық әрі құрылымдық түрлерін таңдауды негіздеуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы

Әлемдік энергия тұтыну қарқынының артуы және экологиялық қауіптер – тиімді, қауіпсіз әрі экономикалық жағынан қолайлы энергия сақтау жүйелерін жасауды қажет етеді. Магний-ионды батареялар – литий-ионды жүйелерге экологиялық және экономикалық балама ретінде өзекті бағыттардың бірі саналады. Бұл зерттеуде алынған TiO_2 негізіндегі наноқұрылымды анодтық материалдар Mg^{2+} иондары үшін тұрақты және тиімді жүйе ретінде ұсынылды. Әртүрлі құрылымды материалдарды бақылау мүмкіндігі – оның практикалық қолдану аясын кеңейтеді. Нәтижесінде алынған анод материалдары қайта зарядталатын магний батареяларын жасауға негіз бола алады. Қазақстанда титан мен магнийдің табиғи қорлары мол. Өскемен титан-магний комбинаты секілді кәсіпорындар бұл шикізатты өндірумен айналысады. Осы зерттеу нәтижелерін пайдалану арқылы отандық шикізат негізінде аккумулятор компоненттерін өндіру, импорттық тәуелділікті төмендету және отандық ғылым мен өндіріс кооперациясын дамыту мүмкін болады.

Зерттеу нәтижелері медицинада, электр көліктерінде, жаңартылатын энергия көздерін сақтау жүйелерінде қолданылуы мүмкін. Бұл жұмыс еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетін арттырып, жасыл экономикаға көшу үдерісіне нақты үлес қосуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар:

1. Анатаз фазалы TiO_2 нанотүтіктері мен наноталшықтары 1,2–1,9 В потенциалдар диапазонында заряд-разряд процестерінің айқын шыңдарымен расталатын магний иондарының қайтымды интеркаляциясын қамтамасыз етеді, бұл олардың электродтық белсенділігін растайды және оларды магний-ионды батареялар үшін тиімді анодтық материалдар етеді.

2. TiO_2 анодтарының ең жоғары циклдік тұрақтылығы нанотүтікті морфологияда байқалады, ол 0,40 мА·сағ·$г^{-1}$ меншікті сыйымдылықпен және 50 циклдан кейін разрядтық сыйымдылықтың толық сақталуымен сипатталады. Ал наноталшықтарда (13,21 мА·сағ·$г^{-1}$) және нанотаяқшаларда (~380 мА·сағ·$г^{-1}$) сыйымдылық сәйкесінше 11,33% және 5,29%-ға дейін төмендейді, бұл белсенді аймақтардың деградациясы мен анатаздық тордың бұзылуынан туындайды.

3. Магнийді тұндырудың оңтайландырылған жағдайларында (i_0 = 0,665 А/м^2, D_{Mg2+} = 1,13·10^{-9} м^2/с, Е = -0,36, -0,3 В) токтың біркелкі таралуы қамтамасыз етіледі, бұл кезде терең нанотүтіктер (~850 нм) шамамен 80 мс-та, ал қысқа нанотүтіктер (450 нм) шамамен 40 мс-та толтырылады, бұл электродтың белсенді бетінің сақталуына және меншікті сыйымдылықтың артуына ықпал етеді.

Автордың жеке үлесі.

Ғылыми әдебиеттерді іздеу мен талдау, диссертациялық жұмыстың тәжірибелік және теориялық бөлімдерін орындап, диссертацияда келтірілген зерттеу нәтижелерін өңдеп, талдап, сараптауды, қорытындылауды және негізгі автор ролінде ғылыми мақала түрінде жариялауды автор өзі іске асырды.

Тәжірибелік нәтижелерді ұсыну.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері төмендегі халықаралық және республикалық конференцияларда ауызша баяндалды және талқыланды:

1. XI Халықаралық Беремжанов атындағы химия және химиялық технология съезі – Алматы, Қазақстан, 2021 ж.
2. INESS - 2022, Астана, Қазақстан, 2022 ж.
3. Problems of Analytical Chemistry - Ташкент, Өзбекстан, 2023 ж.
4. Mediterranean Geosciences Union-2023, Ыстамбұл, Түркия, 2023 ж.
5. Mediterranean Geosciences Union-2024, Барселона, Испания, 2024 ж.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының ғылыми-зерттеу жұмыстарымен және әр түрлі мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының ғылыми-зерттеу жоспары бойынша және «Физика-химиялық зерттеу мен талдаудың әдістері орталығы» жобалары аясында орындалды.

Мемлекеттік гранттық қаржыландыру жобалары:

1) ИРН AP09260383 «Магний-иондық батареялар үшін қайтымды анодты жасау» 2020-2023 жж. (ғылыми қызметкер);

2) ИРН AP22686263 «Магний-ионды батареялардың анодтық материалының диффузиялық қасиеттерін жақсарту» 2024-2026 жж. (жоба жетекшісі) жобалары аясында орындалды.

Жарияланымдар.

Орындалған жұмыстардың нәтижелері 13 ғылыми жұмыста көрсетілген, оның ішінде: Web of Science дерекқорының Science Citation Index Expanded индексінде (бірінші және үшінші квартильдер) және Scopus дерекқорында CiteScore пайыздық көрсеткіші елуден кем емес диссертацияның ғылыми бағыты бойынша рецензияланған ғылыми басылымдардағы екі мақалада, тағы бір мақала рецензияда;

- ҚР БҒ министрлігінің БҒ саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда екі мақалада;

- халықаралық ғылыми симпозиумдар мен конференциялардың 8 материалы мен тезистерінің жинақтарында жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі

Диссертация 123 бетте (қосымшаларды қоспағанда) ұсынылған және кіріспеден, 3 негізгі бөлімнен, қорытындыдан, 171 әдебиеттер тізімінен, 9 кестеден, 53 суреттен, 6 сызбадан тұрады.

1 ӘДЕБИ ШОЛУ

1.1. Экологиялық таза және тұрақты энергия көздеріне сұраныс және аккумуляторлардың рөлі

Энергетикалық дағдарыстың тереңдеуі мен қоршаған ортаның ластануы жағдайында қазіргі қоғам екі өзекті мәселемен бетпе-бет келіп отыр: қазба отын көздерінің сарқылуы және атмосфераның ластануы [15-18]. 2023 жылғы Дүниежүзілік энергетикалық статистикалық шолу деректеріне сәйкес, 2022 жылы әлемдік бастапқы энергия тұтыну көлемі шамамен 620 эксаджоульге (ЭДж) жетіп, COVID-19 пандемиясынан кейінгі экономикалық қалпына келу мен геосаяси өзгерістерге байланысты айтарлықтай артқаны байқалды.

Энергия тұтыну құрылымын талдау қазба отындарының әлі де негізгі үлеске ие екенін көрсетеді: мұнай – шамамен 31%, табиғи газ – 24%, көмір – 26%. Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздері (күн, жел, су энергиясы және т.б.) айтарлықтай өсімді көрсетуде. 2022 жылы олардың үлесі әлемдік энергия тұтыну құрылымында шамамен 14%-ды құрады, ал 2010 жылдары бұл көрсеткіш 10%-дан төмен болған. Тек күн мен жел энергиясының өзі бір жыл ішінде тиісінше 14% және 10% өсім көрсетті. Бұл – дәстүрлі отын көздерінен экологиялық таза және жаңғырмалы энергия көздеріне көшу үдерісінің айқын көрінісі.

Осы өзгерістер аясында энергияны сақтау технологиялары – атап айтқанда, суперконденсаторлар, сутегі отын элементтері және аккумуляторлар – ерекше маңызға ие болуда [18]. Батареялар – энергияны сақтау технологияларының ішіндегі ең жетілген және кең қолданыс тапқан түрлерінің бірі. Олар электр көліктерінің дамуына, портативті электронды құрылғылардың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін жалпы энергетикалық жүйеге енгізуге елеулі үлес қосады. Ғалымдардың пікірінше, аккумуляторлар электр энергиясын химиялық энергия түрінде тиімді сақтай алады және сенімді, ықшам әрі тұрақты қуат көзі ретінде ерекшеленеді. Қазіргі заманғы аккумуляторларға қойылатын негізгі талаптар: жоғары энергия тығыздығы, ұзақ қызмет ету мерзімі, қауіпсіздік, жеңіл салмақ және төмен өндірістік шығындар. Бұл қасиеттер оларды мобильді құрылғылар, электр көліктері мен резервтік қуат көздері үшін аса қажетті етеді [16-18].

1.2. Заманауи аккумуляторлық технологиялар

Соңғы жылдары аккумуляторлық жүйелерді дамыту негізінен қайта зарядталатын (екіншілік) энергия көздеріне бағытталып отыр. Бұл үрдіс экономикалық тиімділік пен экологиялық қауіпсіздікке деген сұраныстың артуымен тікелей байланысты. Әсіресе, электр көліктері (ЭК) саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді, мұнда литий-иондық батареялар (ЛИБ) кеңінен қолданыс тапты. Мысал ретінде Tesla Model S және Model 3, BMW i-сериясы, Nissan Leaf, Mercedes-Benz Smart, сондай-ақ Қытайдың BYD

компаниясының өнімдері сияқты үлгілерді атауға болады. Бұлар батареялық көлік технологияларын сәтті коммерцияландырудың көрнекті мысалдары болып табылады. Сонымен қатар, қуат көзі ретінде токқа қосылатын гибридті көліктер мен толық электрлі қоғамдық көліктер аккумуляторлық технологиялардың әлемдік деңгейде енгізілуін жеделдетуде.

Жақында Чжимин Лю жетекшілік еткен зерттеу тобы FeS_2@C негізіндегі «сарыуыз-қабық» құрылымындағы анодты ұсынды. Бұл жүйе 100 циклден кейін 100 мА/г ток тығыздығында шамамен 511 мА·сағ/г тұрақты сыйымдылық көрсетті. Дегенмен, мұндай жүйелердің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету және қызмет ету мерзімін арттыру – қазіргі таңда басты ғылыми мәселелердің бірі болып қалуда [19].

Li-S аккумуляторлары теориялық тұрғыдан өте жоғары меншікті сыйымдылыққа ие (~1675 мА·сағ/г), бұл қазіргі ЛИБ-тен бірнеше есе артық. Алайда олардың кеңінен қолданылуына кедергі келтіретін негізгі факторлар қатарында «шаттл эффектісі» (полисульфидтердің анод пен катод арасында миграциясы), көлемнің өзгеруі және күкірттің төмен өткізгіштігі бар.

Металл-ауа батареяларында анод ретінде литий, магний, алюминий немесе мырыш секілді металдар қолданылады. Литий-ауа аккумуляторларының теориялық энергия тығыздығы 11700 Вт·сағ/кг-ге дейін жетуі мүмкін. Алайда олардың циклдық өмірі шектеулі (<30 цикл), электролит тұрақсыздығы және катализаторлардың төмен тиімділігі сияқты айтарлықтай кемшіліктері бар.

Қазіргі таңда ЛИБ – сыйымдылық, қуат және циклдік тұрақтылық жағынан оңтайлы теңгерімді қамтамасыз ететін жетілген технология ретінде танылуда. Графит анодының меншікті сыйымдылығы шамамен 372 мА·сағ/г құрайды. Катодтық материалдар ретінде кеңінен қолданылатын қосылыстарға $LiFePO_4$ (~160 мА·сағ/г), жоғары энергиялы $LiNi_{0.8}Co_{0.15}O_2$ (~180 мА·сағ/г), сондай-ақ никель-марганец-кобальт негізіндегі жүйелер жатады. Алайда электр энергиясына деген сұраныстың үздіксіз артуы ЛИБ өндірісінің өсуіне алып келуде. Бұл өз кезегінде литий, кобальт және басқа да сирек элементтердің шектеулі қорларына байланысты жаңа күрделі мәселелер туындатады. Болашақта бұл шикізаттардың тапшылығы мен бағасының өсу қаупі бар.

Соңғы жылдары зерттеушілер литийдің шектеулі табиғи қоры мен бағасының өсу ықтималдығына байланысты кең таралған әрі арзан элементтерге негізделген «пост-литий» аккумуляторлық жүйелерді дамытуға ерекше көңіл бөлуде [20]. Атап айтқанда, натрий (Na), калий (K), магний (Mg), кальций (Ca), мырыш (Zn) және алюминий (Al) секілді элементтер перспективалы балама ретінде қарастырылуда. Бұл элементтердің жер қыртысындағы таралуы кең, бағасы төмен және экологиялық қауіпсіздігі жоғары, сондықтан оларды энергия сақтау құрылғыларында қолдану экономикалық және стратегиялық тұрғыдан тиімді.

Осы баламалардың ішінде натрий-иондық батареялар қазіргі таңда ең зерттелген және технологиялық тұрғыдан дамыған жүйелердің бірі саналады. Олар литий-иондық батареяларға ұқсас принциппен жұмыс істейді, жоғары кернеуді (>3 В) және жақсы сыйымдылықты сақтауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, олар литийге қарағанда арзанырақ әрі табиғатта кең таралған. Алайда, натрий иондарының үлкенірек ион радиусы (1,02 Å) мен массасы оның диффузиясын қиындатады, бұл батареяның энергия тығыздығы мен заряд/разряд тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Салыстырмалы түрде алғанда, магний-иондық батареялар бір зарядқа екі валентті Mg^{2+} ионын қолдану арқылы энергия тығыздығының жоғары болуымен ерекшеленеді. Магний-иондық батареялар 2208 мА·сағ/г дейінгі теориялық салмақтық және шамамен 3833 мА·сағ/см^3 көлемдік сыйымдылықпен ерекшеленеді. Сонымен қатар, магний аноды дендрит түзбейтіндіктен, Mg-фольгасын анод ретінде тікелей қолдануға болады. Бұл қауіпсіздікті едәуір арттырады. Бұл себептерге байланысты, магний-иондық батареялар теориялық және қолданбалы тұрғыда натрий-иондық жүйелерге қарағанда анағұрлым әлеуетті жүйе ретінде қарастырылуда.

Алайда Mg^{2+} иондарының дәстүрлі катод материалдарына интеркаляциялану қиындығы олардың коммерциялық қолданылуын шектеп отыр. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулер анодтық және катодтық материалдармен қатар, электролит жүйелерін жетілдіруге бағытталуы қажет.

2016 жылы Сяоци Сан және оның әріптестері тиошпинель құрылымындағы катод ұсынып, ол C/5 жылдамдығында 190 мА·сағ/г сыйымдылық көрсетіп, 40 цикл бойы тұрақтылығын сақтады. Зерттеулер көрсеткендей, титан негізіндегі катод материалдары 33 мА/г ток тығыздығында 50 циклдан кейін 125 мА·сағ/г өнімділік көрсетті. Бұл олардың магний-иондық жүйелер үшін перспективалы материал екендігін дәлелдейді [21].

Кесте 1 – Сілтілі (жер) иондық батареялар үшін литий, натрий және магнийдің салыстырмалы қасиеттері [18, 19]

Параметр	Литий	Натрий	Магний
Катион радиусы (Å)	0,76	1,02	0,72
Атомдық масса (г моль$^{-1}$)	6,9	23,0	24,3
E (V ССЭ салыстырғанда)	−3,04	−2,71	−2,37
Карбонат құны ($/тонна)	~6000	~150	~1000
Металлдық сыйымдылық (мА сағ г$^{-1}$)	3862 (Li^+)	1166 (Na^+)	2205 (Mg^{2+})
Металлдық сыйымдылық (мА сағ см$^{-3}$)	2046	1129	3833
Таңдаулы координация	Октаэдрлік және тетраэдрлік	Октаэдрлік және призмалық	Октаэдрлік

Жалпы, жоғары вольтты және жоғары өнімді магний жүйелерін дамыту энергия тығыздығы бойынша заманауи литий-иондық жүйелермен бәсекелесуге мүмкіндік береді. Магний батареялары литий жүйелерімен салыстырғанда энергия мен қуат тығыздығы жағынан артта қалуы мүмкін, бірақ олардың қауіпсіздік, қолжетімділік және қоршаған ортаға зиянсыздық сияқты маңызды артықшылықтары оларды болашақ энергия сақтау жүйелері үшін әлеуетті үміткер етеді.

1.2.1 Қайта зарядталатын Mg батареялары

Энергия – заманауи қоғамның дамуындағы негізгі қозғаушы күштердің бірі. Электр көліктерінің, тұрмыстық және өнеркәсіптік портативті құрылғылардың кеңінен таралуы энергияны тиімді сақтай алатын, ұзақ қызмет ететін және қоршаған ортаға зияны аз аккумуляторлық жүйелерге деген сұранысты күрт арттырды. Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздерінің дамуы – көмірсутек отындарына тәуелділікті төмендету жолындағы маңызды қадам болып отыр. Бұл жағдай энергия сақтау құрылғыларының экологиялық тұрақтылығы мен қолжетімділігіне қойылатын талаптарды күшейтті.

Осы талаптарға сәйкес, қайта зарядталатын батареялар жоғары энергия және қуат тығыздығын, ұзақ циклдік тұрақтылықты, кең температуралық жұмыс диапазонын және техникалық қызмет көрсетуге жеңіл, арзан әрі уытсыз компоненттерден тұруы қажет. Бұл критерийлер тұрғысынан қарастырғанда, магний-иондық батареялар (МИБ) болашақ энергия сақтау жүйелерінің әлеуетті үміткерлері ретінде ерекшеленеді.

Қайта зарядталатын МИБ ЛИБ, НИБ-ге ұқсас және сондай-ақ төрт маңызды бөліктен тұрады: оң электрод, теріс электрод, электролит және сепаратор (Сурет 1). Бұл элементтердің МИБ-дегі маңыздылығы МИБ электрхимиялық сипаттамаларының олардың физика-химиялық қасиеттеріне толық тәуелділігіне негізделген. Ең дұрысы, МИБ үшін катодты материалдар келесі сипаттамалар бойынша таңдалады: магний иондарын интеркалациялау/деинтеркалациялаудың қайтымды қабілеті, электролиттердегі жақсы тұрақтылық, төмен баға және жоғары энергия тығыздығы. Катод ретінде негізінен оксидті шпинельдер, оливин қосылыстары $MgMSiO_4$ (M = Mn, Co, Fe), Шеврель $Mg_xMo_6T_8$ фазалары (T = S, Se, Te), оксидті материалдар қолданылады [23].

Жақсы МИБ анодтық материалдарының келесі сипаттамалары болу қажет: (1) оның блоктарының әрқайсысы үлкен көлемдегі магний иондарын қайтымды ұстап, ол жоғары меншікті сыйымдылыққа (мАсағ $г^{-1}$), сондай-ақ көлемдік сыйымдылыққа (мАсағ $см^{-3}$) ие болу керек; (2) оның жұмыс кернеуі төмен болуы керек; (3) ол электролитпен әрекеттескенде ерімеу немесе химиялық реакцияға түспеуі керек; сонымен қатар, (4) ол арзан, экологиялық таза және электронды және иондық өткізгіштігі жоғары болуы керек. Анод ретінде келесі материалдар қолданылады: металдық магний, оксидті материалдар, металаралық қосылыстар және 2D материалдар [24].

МИБ-дағы электролиттер магнийді қайтымды тұндырыла алатын жоғары иондық өткізгіштікке ие болуы керек. Сулы, қатты және сусыз органикалық электролиттерді қолданатын зерттеулер жетерлік [4, 22, 24].



Сурет 1 – Қайта зарядталатын магний батареясының сызбалық көрінісі [28]

МИБ сондай-ақ электрондар мен иондарды тасымалдаумен байланысты болатын электрхимиялық реакциялардан өңделген энергияның арқасында жұмыс істейді. Разряд процесі сыртқы контур бойымен тотығу-тотықсыздану реакциялары кезінде түзілетін электрондардың қозғалысы есебінен жүзеге асады. Зарядтау процесі кезінде электродтардың ішінде қайтымды электрхимиялық реакциялар нәтижесінде түзілетін электрондардың жинақталуы жүреді. Разряд кезінде анодтан шығатын магний иондары электролит арқылы диффузияланып, катодтың құрылымына химиялық түрде енеді. Осыған байланысты МИБ қайтымдылығына бірнеше факторлар әсер етеді, мысалы, электролитпен басқарылатын диффузия жылдамдығы, интеркаляция/деинтеркалация кезіндегі материалдар құрылымының тұрақтылығы.

Қайта зарядталатын магний батареяларын дамытудағы негізгі қиындықтардың бірі магнийдің қайтымды тұндырылуын қолдайтын электролиттік ерітінділерді жасау болып табылады. Сондай-ақ жеткілікті иондық өткізгіштік, магний иондарының сәйкес концентрациясы және кең электрхимиялық терезе сияқты басқа қасиеттер қажетті болып табылады.

Сондықтан, батареяның қайтымды айналымын тоқтататын, металл магний бетінде блоктау қабатын құрып, электродтардың пассивациясына алып келетін қарапайым электролиттердің (TFSI, ClO_4, PF_6) іргелі зерттеулерін жүргізу қажет.

1.2.2 Магний-ионды батареялардағы электролиттер, еріткіштер және сепараторлар

Электролиттер магний-ионды батареяларда (МИБ) иондарды тасымалдауда шешуші рөл атқарады. 2-суретте көрсетілгендей, идеалды электролит келесі қасиеттерге ие болуы тиіс: қайтымды тұндыру және еріту мүмкіндігі, жоғары иондық өткізгіштік, кең электрхимиялық терезе, сонымен


қатар термиялық тұрақтылық, төмен ұшқыштық және улы болмауы сияқты қауіпсіздік талаптарына толық сай келуі қажет [29].

Фазалық күйіне қарай электролиттер сұйық және қатты болып бөлінеді. Сұйық электролиттер өз кезегінде үш негізгі топқа бөлінеді:

- Гриньяр негізіндегі электролиттер (мысалы, EtMgCl-THF): жоғары кулондық тиімділікпен ерекшеленеді, бірақ олардың төмен анодтық тұрақтылығы мен жоғары реактивтілігі қолданылуын шектейді.
- Борқұрамды электролиттер (мысалы, $Mg(BH_4)_2$): эфир еріткіштерінде төмен анодтық тұрақтылық пен ерігіштік көрсетеді.
- $Mg(HMDS)_2$ негізіндегі электролиттер**:** кең электрхимиялық диапазонмен және жақсы қайтымды жұмыс қабілеттілігімен ерекшеленеді, алайда синтезі қымбат және ылғалға сезімтал.

MACC (Magnesium-Aluminum Chloride Complex) типтес электролиттер бастапқыда үлкен үміт тудырғанымен, анодпен ұзақ тұрақтану уақыты және катод материалдарымен коррозиялық әрекеттесуі олардың кеңінен қолданылуын шектейді [29].

Соңғы жылдары $Mg(TFSI)_2$ негізіндегі электролиттер үлкен қызығушылық тудырып отыр. Олар жоғары термиялық және электрхимиялық тұрақтылыққа ие (3,4 В дейін Mg/Mg^{2+} қатысты), жақсы ерігіштік көрсетіп, кейбір эфир еріткіштерінде жоғары иондық өткізгіштікке ие. Дегенмен, $TFSI^-$ аниондары мен Mg аноды арасындағы пассивті қабат түзілуі нәтижесінде иондардың тасымалдануы тежеледі, ал Mg тұндыру және еріту процесінде жоғары асып кеткен потенциал (2,0 В-тан жоғары) байқалады [2, 27]. Иондық өткізгіштікті арттыру мақсатында қосымша еріткіштер ретінде жоғары термиялық тұрақтылыққа ие этиленкарбонат (EC) және төмен тұтқырлықты диметилкарбонат (DMC) қолдануға болады. Мұндай еріткіш жүйелері магний негізіндегі энергия көздерінде бірқатар зерттеулерде қолданылғаны белгілі [28-30].



Сурет 2 – Қайта зарядталатын МИБ қолданылатын идеалды электролиттің сызбанұсқасы [34]

Органикалық еріткіштерді электролит құрамына енгізу тек литий-ионды батареялар (ЛИБ) үшін ғана емес, сонымен қатар басқа да перспективалы иондық аккумулятор жүйелері үшін де белсенді зерттелуде. Теориялық және тәжірибелік зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, органикалық еріткіштер келесі негізгі талаптарға сай болуы тиіс [35]. Біріншіден, еріткіштің диэлектрлік өтімділігі 15-тен жоғары болуы қажет, себебі бұл электролиттегі тұздың толық диссоциациясын қамтамасыз етеді және иондардың ассоциациялануын шектейді. Сонымен қатар, еріткіш төмен тұтқырлыққа ие болуы керек, бұл иондардың қозғалыс жылдамдығын арттырады. Одан бөлек, кең температуралық диапазонда сұйық күйін сақтауы (яғни, төмен балқу және жоғары қайнау температурасына ие болуы), анодтық және катодтық электродтармен жұмыс істеген кезде электрхимиялық тұрақтылық танытуы қажет. Экологиялық және техникалық талаптарға сәйкес, органикалық еріткіштер улы болмауы, қауіпсіз және өндірістік тұрғыда тиімді болуы шарт.

Кеңінен зерттеліп жатқан негізгі органикалық еріткіштер қатарына этиленкарбонат (EC), пропиленкарбонат (PC), диметилкарбонат (DMC), диэтилкарбонат (EMC), диметоксиэтан (DME), диглим және триглим жатады. Бұл еріткіштерді бағалауда олардың донорлық және акцепторлық қасиеттері айрықша рөл атқарады, себебі бұл көрсеткіштер электролиттің жалпы электрхимиялық тұрақтылық терезесін анықтайды.


Алайда бірде-бір органикалық еріткіш барлық қажетті қасиеттерді толықтай қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан, практикада жиі қолданылатын тиімді тәсіл – әртүрлі еріткіштерді араластыру. Мысалы, EC:DME немесе EC:DMC сияқты қоспалар оң нәтижелер береді. Осы зерттеу аясында электролиттік орта ретінде EC мен DMC-нің 1:1 қатынастағы қоспасы пайдаланылды, бұл жүйе иондық өткізгіштік пен тұрақтылықты оңтайландыруға мүмкіндік берді.

Сепаратор – бұл анод пен катодты бір-бірінен физикалық бөліп тұратын және иондардың еркін қозғалысына мүмкіндік беретін кеуекті мембрана [36][. Оның негізгі қызметі – қысқа тұйықталуды болдырмау және электролиттің ішінде иондардың тасымалын қамтамасыз ету.

Жоғары сапалы сепаратор келесі қасиеттерге ие болуы тиіс:

- Жоғары иондық өткізгіштік;
- Жақсы механикалық және термиялық тұрақтылық;
- Оптималды кеуектілік пен ылғал сақтау қабілеті;
- Химиялық инерттілік және батарея ішіндегі компоненттермен реакцияға түспеуі (Сурет 3).

Қазіргі таңда полиолефинді негіздегі (PP, PE) сепараторлар жиі қолданылады, алайда магний-ионды жүйелер үшін бейорганикалық қосымшалар (мысалы, MgO немесе SiO_2) сепараторлардың термиялық тұрақтылығын арттыру және Mg^{2+} иондарының өтуін жеңілдету мақсатында қолданылуда [37].



Сурет 3 – Сепаратор сипаттамалары [37]

Сонымен қатар, металл магнийді Mg иондары енгізілген типтегі анодқа ауыстыру арқылы кернеуді арттыруға болатын мүмкіндік бар. Осылайша, Mg металл анодының бетінде пассивті қабаттың пайда болуын алдын алуға болады. Магний иондары енгізілетін типтегі анодтар дендрит мәселелерін болдырмау үшін литий-ионды батарея технологиясында да кездеседі [35-37].

1.3 Магний-ионды батареяларға арналған анодтық материалдар

Жоғарыда айтылғандай, магний-ионды батареялардағы (МИБ) анод ретінде металлдық магнийді (Mg) қолдану бірқатар артықшылықтарға ие болғанымен, бұл материалдың практикалық қолданылуы мен коммерциялық тұрғыда кеңінен енгізілуі белгілі бір қиындықтарға тап болуда [41]. Әдебиеттерде жиі атап көрсетілетін артықшылықтардың бірі – литиймен салыстырғанда магнийдің дендрит түзілуіне бейімділігінің төмендігі, бұл оның қауіпсіздік деңгейін жоғарылатады [42].

Алайда, бұл тұжырымдар көбінесе салыстырмалы түрде төмен ток тығыздығы және арнайы таңдалған электролиттік жүйелер жағдайында алынған нәтижелерге негізделгенін ескеру қажет. [43] зерттеуінде авторлар магний электртұндыруын кең ток диапазонында жүргізіп, нәтижесінде дәстүрлі түсініктерге қарама-қайшы түрде, литийлік аналогтарға ұқсас, бірақ құрылымдық қаттылығы жоғары магний дендриттерінің қалыптасуын байқаған. Бұл дендриттер, әсіресе полимер негізіндегі сепараторларды зақымдау арқылы, батареяның ішкі қысқа тұйықталуына, тіпті жануына әкелуі мүмкін екені [43], [44] еңбектерде көрсетілген.


Осыған байланысты, металлдық магний анодына балама ретінде магний иондарын (Mg^{2+}) интеркаляциялай алатын жаңа анодтық материалдарды зерттеу өзекті міндетке айналуда. Мұндай балама анодтар МИБ-тің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын арттырып, энергия тығыздығын да

жоғарылатуы мүмкін. Бұл бағытта магнийді интеркаляциялайтын материалдар ретінде карбон негізіндегі композиттер, метал оксидтері мен сульфидтері, сонымен қатар органикалық және полимерлі құрылымдар белсенді түрде зерттелуде. Төменде қазіргі уақытта перспективалы деп танылған бірнеше анодтық материалдар қарастырылған.

1.3.1 Металдар және олардың құймалары (XIV топ элементтері Si, Ge, Sn и Pb)

Металл негізіндегі анодтар - бұл Mg/Mg^{2+} салыстырғанда 0,3 В төмен кернеуде жұмыс істеу қабілеті бар, Zintl фазалары түріндегі XIV топ элементтері бар Mg құймалары. Негізінен магний иондары Si, Ge, Sn және Pb анодтарына электрхимиялық жолмен енгізіледі. Мұндай анодтарда блоктаушы беттік қабаттың пайда болу ықтималдығы төмен, өйткені құймалардағы Mg оң заряд алады және оның реакцияға қабілеттілігі сәйкесінше төмендейді. Осыған байланысты бұл типтегі анодтар Mg тұзы мен еріткіштен тұратын қарапайым электролиттермен үйлесімді [45].

Металл негізіндегі анодтық материалдар ЛИБ-де жақсы нәтиже көрсетті, литий үшін Si электродының меншікті сыйымдылығы 4400 мАсағ/г дейін жетті. МИБ-дегі металл анодтарының қабілеті әлі де зерттелу үстінде. Si, Ge және Sn алмас құрылымы екі моль Mg атомдарын қамтуы мүмкін. 4-суретте екі ықтимал тор орындарының арасында орналасуы мүмкін 1 моль анодтық материалдың енуі көрнекі түрде көрсетілген. Сонымен қатар, Mg элементі бар Si, Ge және Sn фазалық диаграммалары бір-біріне ұқсас және тек бір ғана интерметалдық қосылыс Mg_2X (X = Si [46], Ge [47], Sn [48] көрсетеді.



а ә

Сурет 4 – Ge, Si және Sn (көк) [49] электродтарына тетрагональды (а) және гексоганальды (ә) Mg енгізу орындары (қызғылт сары)

I. Malyi және оның әріптестері DFT есептеулері негізінде Ge, Si және Sn анодтарының жоғары энергия тығыздығы потенциалын талдауға тырысты. Осы элементтердің ішінде кремний Mg сақтау үшін жоғары меншікті сыйымдылық (3817 мА·сағ·$г^{-1}$) және орташа енгізу кернеуі (Mg-мен салыстырғанда w0,15 эВ) бойынша жақсы қасиеттер көрсетті. Бірақ Sn және

Ge төменгі тор кеңеюімен (тиісінше w120% және w178%) және диффузиялық кедергілермен (бір Mg диффузиясы үшін сәйкесінше w0,50 және w0,70 эВ) назар аударды. Сондықтан Ge және Sn негізіндегі материалдар жоғары сыйымдылықты көрсететін анодтар ретінде өте қолайлы [49]. МИБ үшін жоғары энергия тығыздығы бар анодтық материалдар бір уақытта бірнеше маңызды сипаттамаларды біріктіруі керек, яғни төмен Mg^{2+} енгізу/шығару кернеулерін және жоғары сыйымдылықты көрсете отырып, жалпы электролиттермен үйлесімді болуы керек. N. Singh және басқа авторлар өз мақалаларында Sn анодының жоғары сыйымдылық (903 мАч·г$^{-1}$) және төмен Mg^{2+} енгізу/шығару кернеуі (таза Mg-ге қатысты +0,15/0,20 В ток күші 0,002 С кезінде) сияқты қажетті сипаттамаларды көрсету қабілетін ұсынды. Олар сонымен қатар, гальваностатикалық циклдің алдын ала деректерінен Sn анодының сыйымдылығын дұрыс жағдайларда Mg-иондық аккумуляторлар үшін толығымен пайдалануға болатынын болжайды. [46, 47] жұмыста Sn ұнтағынан дайындалған қабыршақты анодты материал да 334 мА·сағ·г$^{-1}$ болатын жоғары қайтымды өнімділікті қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, 50-ші циклде 76% сыйымдылықтың сақталуы оның жақсы циклдік тұрақтылығын көрсетеді, бірақ бөлшектердің аморфизациясы да байқалды. Таза Mg және Sn ұнтақтарын шарикті диірменмен араластыру арқылы механикалық легирлеу арқылы синтезделген Mg_2Sn массасы Mg-мен салыстырғанда 0,2 В-та Mg^{2+} қайтымды электрхимиялық енгізу/шығару көрсетті.

Д. Нгуен мен С. Сонг [46] 270 мАч·г$^{-1}$ разрядтау қабілетін қамтамасыз ететін Mg_2Sn аноды және PhMgCl/THF электролиті бар жартылай элементін жасады. Наноқұрылымды Sn анодының магниттелу кинетикасының жылдамдығын арттыру үшін Asl және әріптестері [51] Mg_2Sn-нен Sn-ге түрлендіру кезінде ұнтақтау әдісін ұсынды. Нәтижесінде 10-нан 50 нм-ге дейінгі сипаттамалық өлшемдері бар β-Sn нанобөлшектері, сондай-ақ 150 цикл (C/5 және C/2 кезінде, сәйкесінше) 300 және 170 мА·сағ·г$^{-1}$ сыйымдылығын сақтайтын нанокеуекті Sn құрылымдары алынды.

Парент және т.б. [52] сондай-ақ наноөлшемді Sn бөлшектерін (<33 ± 20 нм) Mg қайтымды сақтау үшін жоғары өнімді анодтар ретінде пайдалануға болады деп санайды. Бұл жұмыста Sn нанобөлшектерін алу үшін электрхимиялық конденсация әдісі қолданылады. Магнизиация кезінде магний иондары β-$Sn_{1.27}Sb$ торына еніп, Sn атомдарын қайтымсыз ауыстырады. Сонымен қатар, келесі заряд-разряд циклдерінде алынған таза Sn қосалқы бөлшектері магний иондарын қайтымды жинақтай алады. Магний құймаларының ішінде Mg_2Pb ең жоғары көлемдік теориялық сыйымдылыққа (2300 А·сағ/л) және ең жоғары энергия тығыздығына ие.

Тот баспайтын болаттан жасалған дискілік электродқа Pb шашырату арқылы алынған анод 450 мА·сағ/г қайтымды сыйымдылықты көрсетті, бұл қорғасын ұнтағынан жасалған анодтан (275 мА·сағ/г) айтарлықтай жоғары. Айта кету керек, Pb электродының бетінде электролиттің ыдырауы байқалды.

МИБ-де Pb анод ретінде пайдаланғанда электролит тұрақтылығы үлкен рөл атқарады [53].

Сондай-ақ, МИБ үшін анодтық материал ретінде Bi мүмкіндіктерін де атап өтуге болады. Bi теориялық меншікті сыйымдылығы 3783 мА·сағ·см$^{-3}$, Bi анодтары жақсы кинетикалық сипаттамаларға ие және салыстырмалы түрде төмен тотықсыздану/тотығу потенциалына ие, бұл оны Sn-ден кем емес перспективті етеді. Сонымен қатар, Bi анод жақсы цикл тұрақтылығын көрсетті, 100 циклде меншікті сыйымдылығы 222 мА·сағ·г$^{-1}$ тең болды [54]. Бірақ Mg_3Bi_2-ге толық түрлендіру кезінде көлемдік кеңею (95,3%) есебінен цикл кезінде Bi анодының сыйымдылығының төмендеуі байқалады. Сондай-ақ жақында МИБ анодты материал ретінде висмут пен қалайыға жүргізілген зерттеулерде бұл материалдардың әлі де төмен жылдамдық сипаттамаларын және цикл кезінде сыйымдылықтың тез азаюын көрсетеді [55]. Мысалы, қалайы C/20 жылдамдықпен (20 сағатта разряд) оның теориялық сыйымдылығының ~20% ғана алынды, ал сыйымдылығы тез төмендеп кетті [49]. Кулон мәселелері негізінен электродтағы Mg иондарының баяу қатты фазалы диффузиясына және Mg қосу/шығару процестері кезінде үлкен көлемнің ұлғаюына/азаюына байланысты болып келеді. Осыған байланысты бұл зерттеулер әлі де айтарлықтай жақсартулар мен құрылымдық оңтайландыру талап етеді.

Соңғы бірнеше онжылдықта наноқұрылымды материалдар алу ЛИБ қолданылатын электродтық материалдардың иондық диффузия мен құрылымдық тұрақтылығын жақсартуда үлкен жетістіктер көрсетті. Шао және оның әріптестері [56] гидротермиялық процесс арқылы наноқұрылымды Bi анодын жасау арқылы бұл мәселеден шығудың жолын тапты, ол МИБ үшін жоғары тиімді анод материалы болып шықты. Себебі Bi нанотүтіктері жоғары қайтымды меншікті сыйымдылық (350 мА·сағ·г$^{-1}$ Bi немесе 3430 мА·сағ/см^3 Bi), тамаша цикл тұрақтылығы және жоғары кулон тиімділігі (бастапқыда 95% және кейін 100% өте жақын) сияқты жақсы нәтижелерді көрсетеді. Нанотүтіктер Mg^{2+} иондарының диффузия ұзақтығын тиімді түрде қысқартатыны белгілі. Liu және т.б. [57] МИБ анод материалдары ретінде басқа наносым құрылымын пайдаланды. Bi наноөткізгіштер де жақсы нәтиже көрсетті: 10 циклден кейін кулон тиімділігі 100%-ға дейін жетеді, ал 100 циклден кейін C/2 жылдамдықпен қайтымды сыйымдылық 207 мА·сағ/г құрайды. Алайда, бұл жағдайда наноматериалдардың жоғары құны және күрделі синтезі сияқты кемшіліктер кездеседі.

1.3.2 Енгізу типтегі қатпарлы материалдар

Зерттеушілер құйма анодтардағыдай магниттеу/магнитсіздену процесі кезінде күрделі фазалық түрлендірулерді болдырмау үшін енгізу типті анодтық материалдарды ұсынды. Бірнеше ғылыми топтар өз назарын магний иондарының көміртегі материалдарына интеркалациялану/деинтеркалациялануына аударды. Көміртекті

материалдардың өкілдерінің бірі графит Li^+, Na^+, K^+ және Mg^{2+} иондық батареялар үшін қол жетімді анод болып табылады. [54, 55]. Бірақ Mg^{2+} иондарының графитке қосылуына олардың арасындағы әлсіз химиялық байланыстар кедергі жасайды. Д. Ким және оның әріптестері магний иондарын диэтиленгликоль диметил эфирі (DEGDME), 1,2-диметоксиэтан (DME), этилен карбонаты (EC) және диметилкарбонат (DMC) сияқты сызықты эфир еріткіштерімен графитке коинтеркалациялауға тырысты. Байланыс энергиясының есептеулері бойынша DEGDME көмегімен коинтеркалация сәтті жүргізілетіні анықталды, магний иондарымен байланыс энергиясы 10,05 эВ болды [56].

Маеда және Тузен диметил сульфоксидте (DMSO) ерітілген $MgCl_2$ комбинациясында жоғары бағдарланған пиролитикалық графитті (HOPG) қолданды және Mg^{2+} HOPG-ге қайтымды электрхимиялық қосылуын тапты. Бұл жұмыста екі валентті Mg иондарын адсорбциялау үшін дефектісі бар графен мен графен аллотроптары пайдаланылды. 25% дивакантық дефекттер бар графеннің теориялық сыйымдылығы 1042 мА·сағ·$г^{-1}$ дейін. Лим және басқалар [57] жақсы циклденуін көрсететін 3D макрокеуекті графит көміртекті нанотқсеніштерін ұсынды. Құрамында көміртегі бар материалды пайдаланған кезде электролитті пайдалану жеңілдетіледі, бірақ төмен меншікті заряд және қысқа цикл орын алады, бұл реакцияда (1) көрсетілгендей, еріткіш молекулаларының (еріту) бірге ену процесіне байланысты болуы мүмкін

$$Mg^{2+}(solv)_y + 2e^- + C_n \Leftrightarrow Mg(solv)_y C_n \quad (1)$$

Сондықтан электрод материалының өмірлік циклін жақсарту қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты Чен және т.б. [58] ҚМБ анод материалы ретінде $Na_2Ti_3O_7$ дайындады. Бірінші магнезиация процесі кезінде Mg реакция (2) бойынша $Na_2Ti_3O_7$ құрамындағы Na позицияларының жартысын ауыстырады. Осыдан кейін Mg мөлшерінің жартысы қайтымды түрде енгізіліп, реакция (3) арқылы алынуы мүмкін.

$$Na_2Ti_3O_7 + Mg^{2+} + e^- \rightarrow MgNaTi_3O_7 + Na^+ \quad (2)$$

$$MgNaTi_3O_7 \leftrightarrow Mg_{0,5}NaTi_3O_7 + 0,5Mg^{2+} + e^- \quad (3)$$

$Na_2Ti_3O_7$ 20 мА·$г^{-1}$ ток кезінде 100-ден астам цикл үшін 78 мА·$сағ^{-1}$ (теориялық сыйымдылығы 88 мА·сағ·$г^{-1}$) қайтымды сыйымдылықты қамтамасыз етеді. 1000 мА·$г^{-1}$ ток кезінде қайтымды қуат 40 мА·сағ·$г^{-1}$ болды, бұл оның жақсы өнімділігін көрсетеді. Сондай-ақ, $MgNaTi_3O_7$/Mg-$Mg(ClO_4)_2$ - диглим/V_2O_5 тұратын МИБ 53 Вт·$кг^{-1}$ энергия тығыздығын қамтамасыз етті. [59] жұмыста $Mg(AlCl_2BuEt_2)_2$/THF негізіндегі электролит көмегімен Mg және $Li_4Ti_5O_{12}$ электродтарынан батарея жиналды. 15 мА·$г^{-1}$ ток кезінде сыйымдылығы 175 мА·сағ·$г^{-1}$ болды. Зарядтау процесінде $Li_4Ti_5O_{12}$ 8а

позицияларынан Li атомдары алынды, содан кейін разряд кезінде Mg атомдары осы бос орындарға кірді. Кейбір Mg атомдары бұрын сипатталған 16c позицияларын алды. Сонымен қатар, жүйеге LiCl қосылған кезде 500 циклден астам циклге 0,01% сыйымдылықтың аздап төмендеуімен қайтымды сыйымдылықтың 50 мАсағ $г^{-1}$-ден 175 мАсағ $г^{-1}$-ге дейін айтарлықтай артуы байқалды [60]. Цзэн және басқалары [61] Li_3VO_4 бірінші рет МИБ үшін басқа енгізу түріндегі анод ретінде сынады. Бірақ бұл электрод материалы жақсы интеркалация қасиеттерін көрсетпеді. Бұл мәселені шешу үшін Цзэн және басқалары Li_3VO_4/C мезокеуекті қуыс шарларды пайдалана алды, бұл бірінші цикл үшін сыйымдылықты 318 мА·сағ·$г^{-1}$ дейін арттырды және 15-ші циклде 57% үнемдеді. Сондай-ақ қара фосфорды қолданғанда жоғары өнімділікті, жоғары өнімділікті алуға болады [62]. Бұл материалдардағы Mg^{2+} иондарының баяу диффузиялық кинетикасы ғалымдарды МИБ үшін перспективалы анодтық материалдарды зерттеуге итермеледі [63].

1.3.3 TiO_2 анод материалы туралы жалпы мәліметтер

TiO_2 керемет қасиеттеріне байланысты әртүрлі салада қолданыс тапты. Атап айтқанда, автомобиль жасау, тамақ өнеркәсібі, косметика, химиялық ток көздері және т.б. сияқты көптеген салаларда шикізат болып табылады. Сонымен қатар, TiO_2 екі валентті Mg^{2+} иондарының электрод торларымен поляризациялық әсерін төмендететін материалы болып табылады. Ол магний иондық батареяларда қолданылатын көпвалентті иондардың қайтымды интеркалациясына қол жеткізуге көмектесе отырып, литийден кейінгі технологияны жүзеге асыруға қол жеткізеді.

Титан оксидінің жеке қасиеттеріне тоқталатын болсақ, жер қыртысында титан (8-орын) кеңінен таралған, өйткені ол тау-жыныстарын құрайтын элемент. Титан оксиді улы емес, тұрақты және арзан, әрі оңай синтезделетін титан қосылыстарының бірі [64]. Сонымен қатар, ұзақ мерзімді циклдік тұрақтылық, экологиялық қауіпсіз, төмен шығындар, жақсы теориялық меншікті сыйымдылығы 335 мА·сағ·$г^{-1}$ және әртүрлі құрылымдық сияқты артықшылықтары бар [65-67].


Жалпы титан оксидінің 12 полиморфтары анықталды, оның ішінде 4 табиғи фаза, 3 синтезделген метастабильді фаза және 5 жоғары қысымды формалары бар (Кесте 2) [68]. Анатаз (тетрагональды, кеңістіктік топ: $I4_1/amd$), рутил (тетрагональды, $P4_2/mnm$) және брукит (орторомбты, *Pbcv*) табиғатта кездеседі және жасанды жолмен де синтездеуге болатын TiO_2-нің ең көп таралған үш фазасы болып табылады. Сонымен қатар, үш метастабилді фазалар, қола тәрізді пішін, (TiO_2 (B), моноклиникалық, *C2/m*), рамсделлит тәрізді түрі (TiO_2 (R), орторомбты, *Pbmn*) және голландит тәрізді форма (TiO_2 (H), тетрагональды, 14*/m*) Ti негізіндегі қосылыстардың гидролизі немесе тотығуы арқылы синтезделген [70, 71].

Алғашқы үш модификацияның алты O^{2-} ионымен қоршалған Ti^{4+} ионынан тұратын октаэдрлік құрылымдық бірлікті жинақтау арқылы

қалыптасатын тетрагональды кристалдық пішіні бар (Сурет 5). 5-суретте көрсетілгендей, TiO_6 октаэдрлерінің орналасуы түзілген кристалдық құрылымды анықтайды.

Кесте 2 – TiO_2 ең көп таралған полиморфтарының құрылымдық және электрхимиялық қасиеттері [75].

Құрылым	Кеңістіктік топ	Тығыздық (г $см^{-3}$)	Тор параметрлерінің мәндері
Рутил	Тетрагональды $P4_2/mnm$	4,13	a=4.59, c=2.96
Анатаз	Тетрагональды $I4_1/amd$	3,79	a=3.79, c=6.51
Брукит	Орторомбты *Pbcv*	3,99	a = 9.17, b=5.46, c = 5.14
TiO_2 – B (қола)	Моноклиникалық *C2/m*	3,64	a = 12.17, b = 3. 74, c= 6.51, = 107. 298
TiO_2 – II (Колумбит)	Орторомбты *Pbcn*	4,33	a = 4. 52, b = 5. 5, c = 4.94
TiO_2 – H (голландит)	Тетрагональды *I4/m*	3,46	a = 10.18, c = 2.97
TiO_2 –III (бадделеит)	Моноклиникалық $P2_1/c$		a = 4.64, b=4. 76, c = 4.81, = 99.28
TiO_2 – R (рамсделлит)	Орторомбты *Pbmn*	3,87	a = 4. 9, b=9.46, c = 2.96
TiO_1 – O I	Орторомбты	-	-
TiO_2 – O II	Орторомбты	-	-



Сурет 5 – TiO_2 әртүрлі фазалардың құрылымы: а) рутил, ә) анатаз, б) брукит, в) TiO_2(B), г) TiO_2(H), ғ) TiO_2(R), д) TiO_2(II), е) бадделеит фазасы, ё) OI фазасы, ж) OII фазасы [76]

Анатаз фазасы төмен температурада, рутилдік фаза жоғары температурада термодинамикалық тұрғыдан тұрақты болып саналады. Сонымен қатар, осы екі фазаның тұрақтылығы наноқұрылымды TiO_2 мөлшеріне және олардың беттік күйіне де қатты тәуелді екенін теориялық зерттеулер көрсетті. Мысалы, TiO_2 наноматериалдарының бетіндегі судың адсорбциясы анатаз фазасын тұрақтандырады және анатаз-рутилдің ауысуының критикалық өлшемін 15 нм дейін арттырады [77].

TiO_2 литий иондарын интеркаляциялайтын ЛИБ электрод материалы ретінде қолданылды [47, 75, 76]. Анатаз [8] және TiO_2 (B) [80] полиморфтары жоғары қуатты қондырғыларда бірегей құрылымына байланысты литий мен натрийді жақсы интеркалациялайды [10, 78-84]. Сонымен қатар, анатаза TiO_2 ЛИБ пайдаланылған кезде тұрақты разряд кернеуінің платосын (Li^+/Li-мен салыстырғанда ~1,7 В), ұзақ цикл тұрақтылығын және тамаша жылдамдық сипаттамаларын көрсетеді [85-87].

Бірақ МБ-да TiO_2 қолданғанда Mg^{2+} иондарының диффузиясы баяу болғандықтан қанағаттанарлықсыз нәтижелер алынды. Бұның себебі TiO_2 электронды және иондық өткізгіштігінің нашарлығына байланысты болды. МИБ электрхимиялық сипаттамаларын жақсарту үшін электрод материалында оттекті бос орындар (ОБ) жасау қажет. Янжун Ванг және оның әріптестері [91] ОБ болуы TiO_2 электр өткізгіштігін жоғарылататынын және Mg^{2+} иондарын сақтауға арналған белсенді учаскелердің санын көбейтетінін көрсете алды. Алынған ОБ бар TiO_2-B нано қабыршақтар жоғары қайтымды сыйымдылыққа ие және жоғары ток тығыздығында ұзақ мерзімді циклден кейін сыйымдылықты жақсы сақтайды. Сонымен қатар, батарея қасиеттерін жақсарту үшін Mg иондарына интеркалация орындарын қамтамасыз ететін, заряд компенсациялайтын титанның бос орындарының саны бар F-қосылған TiO_2 анатаз қолданылады [92].

TiO_2 электродындағы иондардың химиялық диффузиясы TiO_2 электрөткізгіштігіне және иондардың диффузиялық қабілетттеріне тікелей байланысты. Сондықтан TiO_2 электронды өткізгіштігін жақсарту мақсатында негізінен өткізгіш көміртегі, сондай-ақ өткізгіштігі әлдеқайда жоғарырақ RuO_2 сияқты екінші фазаларды қосу жақсы нәтиже көрсетеді [93]. Ал TiO_2 бөлшектерінің өлшемін азайта отырып, иондар диффузиясын жақсартуға болады. Бұл өз кезегінде сақтау сыйымдылығын айтарлықтай жоғарылатыды [67, 91-93]. Осылайша, наноқұрылымды материалды синтездей отырып, жоғары кеуектілікке және үлкен беттік ауданға қол жеткізіп, МИБ сыйымдылығын едәуір жоғарлатуға мумкіндік алуға болады.

1.4 Титан оксиді наноматериалдарын қасиеттері мен алу әдістері

Келтірілген электродтық материалдардың ішінде TiO_2 экономикалық тиімділік, қауіпсіздік және экологиялық тазалық сияқты маңызды қасиеттерге ие [74], бұл оның наноқұрылымдық түрін жоғары сыйымдылығы бар анодтық материал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Атап айтқанда,

наноқұрылымды материалдардың қасиеттері олардың мөлшеріне, морфологиясына, құрамына, кристалдылығына және жинақталуына өте тәуелді. Кейбір әдеби шолуларда TiO_2 қасиеттері мен наноқұрылымы арасындағы байланыс туралы хабарлайды [97]. Дегенмен, олардың құрастыру архитектурасымен және қолданылатын құрылғылардың өнімділігімен байланысы аз зерттелген. Сонымен қатар, бұл мәселе бойынша әдебиеттерде қарама-қайшы пікірлер де бар. Бұл келіспеушіліктер нәтижесінде әртүрлі физикалық-химиялық сипаттамалары бар TiO_2 наноматериалдары алынатын синтездің әртүрлі әдістерімен байланысты болып келеді. Әртүрлі морфологияларға қол жеткізу үшін синтез әдісінің параметрлерін реттей отырып, мөлшері мен құрамын басқаруға болады. Сонымен, [97] әдебиеттерде наносфералар, нанотүтіктер, наносымдар, наноленталар және т.б. сияқты морфологиялардың түрлері келтірілген. Бірақ наноматериалдарды алу техникасы белгіленгеніне қарамастан, олардың қалыптасуы аз зерттелген.

TiO_2 наноматериалдарын алу үшін төменде синтездің негізгі әдістері келтірілген.

Механикалық әдіс арқылы TiO_2 наноқұрылымдарын алу

Механикалық синтез (немесе механохимиялық әдіс) – ұсақтау процесі арқылы материалдардың физикалық және құрылымдық қасиеттерін өзгертуге бағытталған кеңінен қолданылатын әдіс. Бұл әдісте ұнтақ тәрізді бастапқы материалдар жоғары энергиялы диірмендерде – әдетте, вольфрам карбидінен немесе агаттан жасалған шарларды қолданатын планеталық диірмендерде – өңделеді.

Мысалы, микрометрлік өлшемдегі TiO_2 ұнтақтары диірменде механикалық әсерге ұшырау нәтижесінде наноқұрылымды күйге дейін жетуі мүмкін. Ұнтақтау жылдамдығы мен уақыты нанобөлшектердің түпкілікті өлшеміне тікелей әсер етеді. Зерттеулерге сәйкес, 710 айн/мин жылдамдықта өңдеу нәтижесінде наноөлшемдегі TiO_2 ұнтағы алынады [98]. Бұл механикалық синтездің маңызды артықшылығы болып табылады, өйткені мұндай наноқұрылымдарды әдетте жоғары температуралы пештерді қажет ететін күрделі фазалық ауысу арқылы ғана алуға болады.

Сонымен қатар, бұл әдістің экономикалық тиімділігі жоғары, іске асыруы қарапайым және үлкен көлемде өндіріс үшін ыңғайлы. Дегенмен, механикалық синтездің белгілі бір кемшіліктері де бар: мысалы, алынатын TiO_2 нанобөлшектерінің пішіні мен өлшемін нақты бақылау қиын. Бұл өз кезегінде материалдың кейінгі функционалдық қасиеттеріне – соның ішінде беттік ауданына, адсорбциялық қабілетіне және электрхимиялық белсенділігіне – әсер етуі мүмкін.

Сондықтан соңғы жылдары механикалық синтезді басқа әдістермен (мысалы, гидротермиялық, золь-гель немесе шаблондық әдістермен) біріктіре қолдану арқылы TiO_2 наноқұрылымдарының пішіні мен морфологиясын бақылау бағытында зерттеулер кеңінен жүргізілуде.

Жалынды пиролиз әдісі

Жалынды пиролиз – бұл нанобөлшектер синтезінің газфазалық әдісі, ол титанқұрамды прекурсорлардың жалында термиялық ыдырауына негізделген. Прекурсорлар (титан алкоксидтері, $TiCl_4$, титанның органикалық кешендері) ұшпа органикалық еріткіште ерітіледі, ол бір мезгілде жанғыш орта қызметін атқарады. Алынған ерітінді форсунка арқылы газ қоспасының (көбіне O_2/CH_4 немесе O_2/сутегі) жалынына шашыратылады, оның температурасы 1 500–3 000 °С-қа дейін жетеді. Процесс барысында еріткіш буланып, прекурсор пиролизденеді, нәтижесінде газ тәрізді TiO_2 түзіліп, одан нанокристалдар қалыптасады. Жылдам салқындату бөлшектердің өсуін тоқтатып, олардың өлшемін шамамен 5–50 нм деңгейінде ұстайды. Алынған өнімдер сүзгілеу немесе циклондау арқылы жиналады, кейін қажет болған жағдайда олардың фазалық құрамын (анатаз, рутил, TiO_2(B) фазасы немесе олардың қоспалары) реттеу үшін қосымша термиялық өңдеу жүргізіледі. Бұл әдіс таза, біртекті және легирленген, сфералық морфологиялы нанобөлшектерді синтездеуге мүмкіндік береді, бұл олардың электрхимиялық энергия жинақтағыштарда және басқа да салаларда қолдану аясын кеңейтеді.

Әдістің кемшіліктері: жоғары температураға байланысты айтарлықтай энергия шығынын талап етеді, прекурсорларды таңдауда шектеулі (ұшқыштық пен термиялық тұрақтылық қажет), сондай-ақ бөлшектердің агломерациялану қаупі бар, жанғыш газдар мен органикалық еріткіштермен жұмыс істеу өрт және жарылыс қаупін тудырады, ал жабдық қымбат және зертханалық жағдайда ауқымын үлкейту күрделі.

Золь-гель синтезі әдісі

Золь-гель әдісі – бұл металдың еритін алкоголяттарынан метал-оксополимер тізбектерін (золь) түзу арқылы оксидті материалдарды алуға негізделген төмен температуралы химиялық синтез әдісі. Бұл әдіс бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады: органикалық еріткіште бастапқы алкогольдік ерітіндіні дайындау, гидролиз, гель түзілу, кептіру және алынған өнімді термиялық өңдеу.

Синтездің негізгі химиялық реакциясы төмендегідей жүзеге асады:

$$Ti(OR)_4 + H_2O \rightarrow TiO_2 \cdot H_2O \rightarrow TiO_2 + H_2O \qquad (4)$$

Мұндағы $Ti(OR)_4$ – титан алкоксиді (R – метил, этил, изопропил немесе тетрабутил радикалы). Алкоксид молекулаларындағы алкил тобы гидролизденіп, гидроксил топтары металл ионымен байланысады. Бұл процесс барысында нуклеация және өсу кезеңдері арқылы коллоидты бөлшектер түзіліп, кейін олар бірігіп үшөлшемді құрылымды гельге айналады. Бұл реакцияларға әдетте қышқылдық (мысалы, HCl) немесе негіздік (мысалы, NaOH, NH_4OH) катализаторлар қолданылады.

Золь-гель әдісі бірнеше артықшылықтарға ие:

- Параметрлерді икемді басқару: pH, прекурсорлар мен катализаторларды өзгерту арқылы алынатын материалдың өлшемін, морфологиясын, кристалдық фазасын басқаруға болады [96-98];
- Жоғары химиялық біртектілік: бастапқы молекулалық деңгейде араласу материалдың біртекті құрылымына мүмкіндік береді;
- Төмен температуралы синтез: бұл энергия шығынын азайтады;
- Үлкен беткейлерге жабынды алуға қолайлы: мысалы, жұқа қабыршақтар немесе катализдік беттер үшін;
- Жабдықтың қарапайымдылығы және өндірістік икемділік.

Алайда, бұл әдістің кейбір кемшіліктері де бар:

- Ұзақ кептіру және өңдеу уақыты: гельден соңғы өнім алу процесі салыстырмалы түрде баяу;
- Жарықтар мен кеуектердің түзілу қаупі: кептіру мен термиялық өңдеу барысында ішкі кернеулер әсерінен;
- Органикалық еріткіштердің қолданылуы: бұл экологиялық тұрғыдан және қауіпсіздік жағынан белгілі бір шектеулер туғызады;
- Өнімнің мөлшерін масштабтау қиын: зертханалық жағдайда оңай іске асырылғанымен, өндірістік деңгейде біртектілік пен сапаны сақтау күрделі.

Электрхимиялық синтез әдістері

TiO_2 негізіндегі наноқұрылымды материалдар мен жұқа қабықшаларды алу үшін кеңінен қолданылатын электрхимиялық әдістердің бірі – электротұндыру**.** Бұл әдісте екі электродты жүйе (анод және катод) электролиттік ерітіндіге батырылады, мұнда катодқа TiO_2 прекурсорлары шөгеді. Жиі қолданылатын прекурсорларға $TiO(SO_4)$, $(NH_4)TiO(C_2O_4)_2$ және $TiCl_3$ жатады [99-101].

TiO_2 морфологиясы мен кристалдық құрылымын келесі процесс параметрлерін бақылау арқылы дәл реттеуге болады**:**

- қолданылатын кернеу (потенциал),
- прекурсор концентрациясы,
- ток тығыздығы,
- температура,
- электртұндыру уақыты,
- ортаның pH мәні [105].

Электротұндыру нәтижесінде алынған қабыршақтар көбінесе аморфты Ti(IV) гидроксидтері түрінде болады және термиялық өңдеуден кейін ғана кристалдық TiO_2 фазасына өтеді. Бұл әдіс электр оқшаулау қасиеттері жоғары, кеуекті және жұқа қабыршақтарды алуға ыңғайлы. Сонымен қатар, жұмысшы ерітіндіге беттік-белсенді заттарды қосу арқылы кристалды, кеуекті құрылымдарды термиялық өңдеусіз-ақ тікелей тұндыруға болады.

Электротұндыру әдісінің артықшылықтары:

- Құны төмен, қарапайым құрал-жабдық қажет;
- Бөлме температурасында жүзеге асады;


- Қабықшаның қалыңдығын және құрылымын дәл бақылауға болады;
- Өте біркелкі жұқа қабықшалар алуға мүмкіндік береді;
- Басқа әдістермен салыстырғанда экологиялық қауіпсіз**.**

Электрхимиялық анодтау – TiO_2 наноқұрылымдарын, әсіресе реттелген нанотүтіктерді алу үшін жиі қолданылатын екінші тиімді әдіс. Бұл әдіс қарапайым және арзан: әдетте екі электродтан тұратын ұяшықта тұрақты кернеу мен бөлме температурасында жүзеге асырылады. Металл титан төсемінің анодты түрде тотығуы нәтижесінде, белгілі ортада TiO_2 нанотүтіктері өздігінен ұйымдасатын құрылымдар ретінде түзіледі [106].

Анодтау арқылы алынған бірөлшемді (1D) нанотүтіктердің келесі артықшылықтары бар:

- Нанотүтіктердің диаметрі, ұзындығы мен тығыздығын реттеуге болады**;**
- Жоғары электрон өткізгіштікке ие;
- Тікелей ток жинағышпен байланысқандықтан**,** өткізгіш көміртекті араластырмай-ақ, гравиметриялық сыйымдылықты жоғарылатады [107];
- Жоғары механикалық тұрақтылық пен беткейдің кеңдігі**;**
- Литий-ионды батареялар (ЛИБ) технологиясында анодтық материал ретінде кеңінен қолданылады;
- Өндірістік ауқымда қолдануға бейімделген**,** өйткені процесс технологиялық жағынан қарапайым әрі үнемді.

Анодтау нәтижесінде тығыз, тігінен орналасқан нанотүтік массивтері (Сурет 6) алынады, бұл біртекті, құрылымы бақыланатын, жоғары функционалды TiO_2 құрылымдарын жасауға мүмкіндік береді



Сурет 6 – Ti төсемесін анодтау арқылы нанотүтіктерді алу [108]

Гидротермиялық синтез – наноқұрылымды титан оксидін (TiO_2) алудың перспективалы әрі тәжірибелік тұрғыдан тиімді әдістерінің бірі. Бұл әдіс жабық ортада, нақтырақ айтқанда герметикалық жабылған тот баспайтын болаттан жасалған автоклавта, қышқыл немесе сілтілік сулы ерітінділердің қатысуымен жоғары температура мен қысым жағдайында жүзеге асырылады [106-109].

Гидротермиялық әдіс алу параметрлерін дәл бақылауға мүмкіндік береді:

- температура,
- қысым,
- реакция уақыты,
- ерітіндінің pH мәні,
- прекурсор концентрациясы,
- тотықтырғыштар мен қоспалардың табиғаты.

Бұл параметрлерді өзгерту арқылы алынған материалдардың құрамы, дисперстілік дәрежесі, морфологиясы мен фазалық құрылымы басқаруға болады.

Мысалы:

- H_2O_2 сияқты тотықтырғыштардың қатысуымен TiO_2 еріту–тұндыру механизмі бойынша түзіледі.
- Ал NaX (мұндағы X = F^-, Cl^-, SO_4^{2-}, OH^-) тәрізді қоспалар енгізілсе, әртүрлі морфологиядағы құрылымдар**:** наноөткізгіштер, наноленталар, нанотүтіктер, наноторлар алуға болады.
- Қоспадағы иондардың табиғаты TiO_2-нің фазалық құрылымына айтарлықтай әсер етеді**.** Мысалы, F^- және SO_4^{2-} иондары анатаз фазасының түзілуіне ықпал етсе, Cl^- иондары рутил немесе брукит фазаларын тұрақтандыруы мүмкін [113].

Артықшылықтары:

Материал қасиеттерін дәл басқару – синтез параметрлерін өзгерту арқылы өнімнің морфологиясы, кристалдық фазасы мен дисперстілігін бақылауға болады;

Фазалық әртүрлілікке қол жеткізу – анатаз, рутил немесе олардың қоспалары түріндегі өнім алу мүмкіндігі;

Құрылымдық икемділік – нанотүтік, нанолента, наносфера, нанотор сияқты күрделі құрылымдарды бағыттап синтездеу;

Жоғары тазалық пен біркелкілік – алынатын наноматериалдар жоғары гомогенділік пен химиялық тазалыққа ие;

Төмен температурада термодинамикалық тұрақсыз фазаларды (мысалы, анатаз) алу мүмкіндігі;

Экологиялық қауіпсіздік – су негізінде жүргізілетін реакциялар, органикалық еріткіштерді қажет етпейді;

Үлкен масштабта өндірістік синтезге бейімделуі – бұл әдіс арқылы жоғары сапалы TiO_2 ұнтақтарын көп мөлшерде алуға болады.

Қатты фазалы химиялық реакция әдісі

Соңғы онжылдықта қатты күйдегі химиялық реакция әдісі арқылы әртүрлі наноқосылыстарды алу кең таралған және тиімді тәсілдердің бірі ретінде танылды. Бұл әдіс координациялық және кластерлік қосылыстар, қатты координациялық құрылымдар сияқты күрделі материалдарды синтездеуде табысты қолданылып келеді [114] [124].

Аталған әдістің басты артықшылықтары мыналар:

Энергияны аз тұтыну;

Қарапайым жұмыс процесі;

Қоршаған ортаға зиян келтірмейтін экологиялық қауіпсіздік;

Ерігіштік шегінің болмауы – қатты фазалық жүйелерде әрекеттесуші заттардың ерігіштігі шектелмейтіндіктен, реакцияны жүргізу жеңіл әрі икемді;

Қосымша еріткіштерді қажет етпейді, бұл өндірістік масштабтағы синтезде үлкен артықшылық береді.

Бұл әдіс наноматериалдарды алудың қарапайым, тиімді тәсілі ретінде сипатталады. Мысалы, анатаз және рутил фазасындағы титан оксиді немесе натрий трититанаты ($Na_2Ti_3O_7$) таяқшалары осы әдіс арқылы белгілі бір температураны бақылау жағдайында сәтті синтезделген. Синтез барысындағы температура, реактивтердің қатынасы және беттік белсенді заттардың қосылуы алынған материалдардың фазалық құрылымына, морфологиясына және өлшеміне айтарлықтай әсер етеді**.**

Мысалы, Янжун Ванг жетекшілік еткен зерттеу тобы кейбір нанооксидтер мен наносульфидтерді арнайы морфологиямен алу үшін беттік белсенді заттар мен мақсатты қоспаларды енгізу арқылы синтездің бағытын бақылауға болатынын дәлелдеген [112-114].

Жоғарыда сипатталған әдістердің ішінде электрхимиялық анодтау**,** гидротермиялық синтез және қатты күйдегі химиялық реакция әдістері қарапайымдылығы, үнемділігі және экологиялық қауіпсіздігімен ерекшеленеді. Осы әдістер арқылы алынған әртүрлі морфологиялы және фазалық құрылымды TiO_2 наноматериалдары негізінде магний иондарының интеркаляциясын зерттеу өзекті болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер магний иондарына негізделген батареялық жүйелер (МИБ) үшін жоғары тиімділікке ие анодтық материалдарды іздестіруге мүмкіндік береді.

1.5 TiO_2 нанотүтіктеріне магний иондарының разрядталуын модельдеу

Соңғы жылдары титан оксидінен алынған нанотүтіктер микробатареяларда қолдану үшін үлкен қызығушылық тудырып отыр. Бұған олардың үлкен беттік ауданы, жоғары сыйымдылығы және қысқа иондық диффузия жолы сияқты қасиеттері себеп болып отыр [118].

Наноқұрылымды TiO_2 қайталанатын заряд/разряд циклдері кезінде жоғары сыйымдылықты сақтап, өзіндік разрядталу деңгейі төмен, ал литий иондарының торға интеркаляциясы мен деинтеркаляциясы кезінде көлемдік өзгерісі 4%-дан аспайды [116-118]. Алайда мұндай материалдың электролитпен үйлесімділігі оның жалпы электрхимиялық өнімділігіне тікелей әсер етеді. Бұл үйлесімділікке әсер ететін негізгі факторлардың бірі – қатты электролиттік интерфейстік қабат (SEI) [122].

SEI – қалыңдығы шамамен 10–15 нм болатын жұқа қабат, ол электрод бетінде электролиттің ыдырау өнімдерінен түзіледі. Бұл қабаттың құрылуы

ток тығыздығы, электролиттің химиялық құрамы және анод бетінің қасиеттеріне тәуелді. Егер SEI қабаты тым жұқа болса, жанама реакциялардан жеткілікті қорғаныс болмайды, ал тым қалың қабат иондардың тасымалын баяулатып, батареяның тиімділігін төмендетуі мүмкін [120, 121]. Осы себепті SEI қабатының оңтайлы қалыңдығын қамтамасыз ету – тұрақты және ұзақмерзімді аккумуляторлар әзірлеудің маңызды шарты болып табылады. Сонымен қатар, бұл қабат заряд/разряд үдерісі кезінде түзіліп, өзгеретіндіктен, оны нақты уақытта бақылау үлкен тәжірибелік қиындықтар туғызады.

Электрод пен электролит арасындағы интерфейстің жоғары реактивтілігі және қабаттың нанометрлік өлшемі SEI қабатын эксперименттік жолмен зерттеуді қиындатады [122, 123]. Сондықтан, мұндай процестерді зерттеуде сандық модельдеу әдістерін қолдану өзекті. Алайда, бұл модельдерді нақты параметрлермен калибрлеп, тәжірибелік деректермен сәйкес келтіру көп жағдайда күрделі міндет болып отыр.

Бұл мәселелерді шешудің бір жолы – белсенді материалдың бетін полимерлі электролиттермен қаптау. Қазіргі аккумулятор жүйелерінде анодты материал әдетте ток жинағышқа жұқа қабат ретінде жағылады. Алайда электрон өткізгіштіктің жеткіліксіздігі және беткі адгезияның нашарлығы себебінен қосымша байланыстырғыш заттарды қолдану қажет болады [127].

Модельдеудің күрделілігіне қарамастан, соңғы жылдары литий-иондық аккумуляторлар үшін кеуекті электродтардағы концентрация, иондық диффузия және реакция кинетикасы сияқты параметрлер жан-жақты зерттелуде [128]. Сонымен қатар, электрхимиялық жүйенің жұмысына тек фазалық шекарадағы реакциялар емес, сонымен қатар электродтардың геометриялық орналасуы мен ұяшық өлшемдері сияқты макроскопиялық сипаттамалар да әсер ететіні дәлелденген [129].

Наноқұрылымды электродтарды модельдеу кезінде, мысалы, TiO_2 нанотүтіктері (TiO_2-НТ) үшін оларды жазық бет ретінде қарастыру шындыққа жанаспайды. Мұндай құрылымдардың қалыңдығы оннан жүздеген нанометрге дейін болса да, олардағы ток таралуының ерекшеліктері елеулі болуы мүмкін. Бұрынғы зерттеулер магнийдің TiO_2-НТ құрылымына интеркаляциялану мүмкіндігін көрсетті, бірақ бұл үдеріс баяу кинетикамен сипатталады [130].

Разрядтау процесінен кейін алынған мәліметтер TiO_2-НТ бетінің кейбір аймақтарының реакция өнімдерінің қабатымен жабылғанын көрсетті. Бұл – белсенді интеркаляциялық аймақтың магниймен қанығуы немесе артық потенциалмен тұнуының нәтижесі болуы мүмкін. Демек, нанотүтіктердің геометриясын тиімді пайдалану, сондай-ақ токтың микромасштабта бөлінуінің біртектілігіне әсерін зерттеу – аса өзекті міндет.

2. ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

2.1 Қолданылған материалдар мен реагенттер

3-кестеде осы жұмыста қолданылатын реагенттердің физикалық қасиеттері көрсетілген. Титан фольгасы (2 дәрежелі) электрхимиялық анодтау арқылы наноқұрылымды TiO_2 синтезі үшін пайдаланылды. Ультра таза су Millipore SAS суды тазарту жүйесі арқылы дайындалды (Молшейм, Франция). Гидротермиялық синтез арқылы өңделген TiO_2 қолданып жасалған анодты масса мыс фольгасына жағылды.

Кесте 3 – Химиялық реагенттердің физикалық қасиеттері

Реагент	Формула	Молекулалық массасы (г/моль)	Тазалығы (%)	Өндіріс
Этилен карбонат (EC)	$C_3H_4O_3$	88,06	сусыз, ≥99	Sigma-Aldrich
Диметилкарбонат (DMC)	$C_3H_6O_3$	90,08	сусыз, ≥99	Sigma-Aldrich
магний(трифторметансульфонимид)	$C_4F_{12}MgN_2O8S_4$	462,49	≥99%	Sigma-Aldrich
Аммоний фториді	NH_4F	37,037	≥98	Sigma-Aldrich
Глицерин	$C_3H_8O_3$	92,09382	≥99.7	VWR Chemicals BDH
Натрий гидроксиді	NaOH	39,997	≥ 98	Sigma-Aldrich
Тұз қышқылы	HCl	36,46	≥ 36–38	Sigma-Aldrich
Ацетиленді қара	C	12,01	≥ 99	Denka Co., Ltd. (Жапония)
Поли(винилиденфторид)	ПВДФ	64,03	≥99,0	Sigma-Aldrich
1-метил-2-пирролидон	НМП	99,13	≥99,0	Sigma-Aldrich

2.2 Наноқұрылымды титан оксидін алу

Осы жұмыста титан оксидін синтездеу үшін таңдалған үш әдіс – электрхимиялық анодтау, гидротермиялық синтез және қатты фазалық химиялық әдіс – әртүрлі наноқұрылымды TiO_2 материалдарын алуға мүмкіндік береді, ал мұндай құрылымдар магний-ионды батареялар үшін перспективалы анод материалдарының негізі бола алады.

Қазіргі уақытта магний-ионды аккумуляторлар үшін анод ретінде TiO_2 негізіндегі электродтарды қолдану бойынша зерттеулер шектеулі болғандықтан, бұл бағыт жаңа ғылыми қызығушылық тудырады. Жұмыста ұсынылып отырған гипотеза бойынша, TiO_2-ны наноқұрылымдандыру оның анодтық қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл Mg^{2+} иондарының жоғары зарядтылығы мен үлкен радиусы сияқты ерекшеліктерімен тікелей

байланысты, себебі олар тығыз кристалдық торларға интеркаляциялануды қиындатады.

Наноқұрылымдар, өз кезегінде, үлкен меншікті беткі ауданға, қысқарған диффузиялық жолдарға және механикалық тұрақтылыққа ие бола отырып, магний иондарының тиімді тасымалдануын қамтамасыз етеді. Осыған орай, аталған үш әдістің әрқайсысы нанотүтіктер, нанотаяқшалар немесе нанобөлшектер сияқты функционалды TiO_2 құрылымдарын түзе алады және бұл олардың магний-ионды батареяларда тиімді анод ретінде қолданылуына жол ашады.

2.2.1 Электрхимиялық анодтау әдісімен нанотүтіктер алу

Электрхимиялық анодтау әдісі арқылы анодты дайындау 1-сызба бойынша жүзеге асырылады. Титан фольгасы (2 дәрежелі) электрхимиялық анодтау арқылы TiO_2 нанотүтіктерін синтездеу үшін пайдаланылды. Анодтау алдында материал диаметрі 10 мм және қалыңдығы 0,125 мм етіп кесіліп, беткі бөгде ластаушы заттардан тазарту үшін ацетон, изопропанол және метанолда 10 минут бойы ультрадыбысты астауда өңделді. Қысылған ауа көмегімен кептірілген соң, титан фольгасы тефлон ұстағышқа орнатылды. Барлық тәжірибелер бөлме температурасында екі электродты жүйеде жүргізілді, мұнда жұмысшы электрод ретінде титан фольгасы, ал көмекші электрод ретінде платина (Pt) фольгасы пайдаланылды. Электродтар арасындағы қашықтық 1 см құрады. Одан кейін титан фольгасы құрамы 96,7 масса. % глицерин, 1,3 масс. % NH_4F және 2 масс. % су тұратын органикалық электролитте 3 сағат бойы 60 В кернеуінде (ISO-TECH IPS-603 генераторын пайдалану арқылы) анодталды [128-130].

8-суретте эксперименттік қондырғының сұлбасы және жоғары деңгейде реттелген кеуекті TiO_2 нанотүтіктердің анодтық түзілуінің ықтимал механизмі көрсетілген. Титан фольгасының глицерин негізіндегі, құрамында фторид иондары мен аса таза су бар электролитте анодтық тотығуы келесі реакциялар арқылы сипатталады [134]:

$$Ti + 2H_2O \rightarrow TiO_2 + 4H^+ + 4e^- \quad (5)$$

$$TiO_2 + 4H^+ + 6F^- \rightarrow [TiF_6]^{2-} + 2H_2O \quad (6)$$

$$Ti^{4+} + 6F^- \rightarrow [TiF_6]^{2-} \quad (7)$$


5-реакцияда жеткілікті потенциал қолданылған кезде титан бетінде тотығу қабатының (оксид қабатының) түзілуі сипатталған. Титан беті тотығу кезінде H_2O молекуласынан түзілетін O^{2-} иондары бір мезгілде өсіп келе жатқан оксид қабаты арқылы диффузияланады. Тұтас оксид қабатының орнына нанотүтікті TiO_2 құрылымын түзу үшін электролиттегі фторид иондарының болуы маңызды. Фторид иондары суда еритін $[TiF_6]^{2-}$ кешендерін

түзе алады (6-реакция), сонымен қатар олардың иондық радиусының кіші болуы өсіп келе жатқан оксид қабатын тесуіне мүмкіндік береді, бұл кезде қабатта кездейсоқ шағын шұңқырлар (ойықтар) пайда болады. Оксид арқылы фторид иондарының тасымалдануы O^{2-} иондарының диффузиясымен бәсекелеседі, ал бұл өз кезегінде оксид қабатында тесіктердің (кеуектердің) түзілуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, фторид иондарының кешен түзу қабілеті түзілген TiO_2-ні тұрақты түрде ерітіп, Ti^{4+} иондарының $[TiF_6]^{2-}$ кешеніне дейін сольватациялануы арқылы гидроксид қабатының тұнуына жол бермейді (7-реакция). Бұл үдеріс оксид пен ерітінді арасындағы интерфейсте жүреді [135]. Осылайша, оксидтің түзілу және ерітілу жылдамдықтары арасында тепе-теңдік орнағанда, тесіктің түбіндегі оксид қабатының қалыңдығы өзгермейді. Сонымен қатар, тесіктердің оксид қабатында үнемі пайда болуы нәтижесінде нанотүтіктер түзіледі (Сызба 2) [75].



Сызба 1 – Электрхимиялық анодтау әдісімен алынған анод материалын дайындаудың технологиялық құрылымдық схемасы



Сызба 2 – Электрхимиялық анодтау құрылғысы мен TiO_2 нанотүтіктерінің түзілу сызбасы [130]

Анодтау аяқталғаннан кейін барлық үлгілер электролит қалдықтарын кетіру үшін ионсыздандырылған сумен көп мөлшерде жуылды. Содан кейін дайын болған TiO_2 электродтары кристалдық фазалар алу мақсатында 450°C температурасында 5°C/мин қыздыру жылдамдығымен 3 сағат бойы күйдірілді.

2.2.2 Гидротермиялық әдіспен наноталшықтар алу

TiO_2 коммерциялық нанобөлшектері 10 моль/л NaOH ерітіндісімен мұқият араластырылды. Бұл процесс кезінде TiO_2 ұнтағы сілтілік ортада ішінара ериді және трититанат иондары түзіледі. Химиялық реакция келесідей жүруі мүмкін:

$$TiO_2 + NaOH \longrightarrow Na_2Ti_3O_7 + H_2O \qquad (8)$$

Мұндай жағдайда натрий трититанатының қабатты құрылымы түзіледі. Алынған трититанаттар 200 °C температурада және 24 сағат бойы полипропилен қаптамасы бар 50 мл сыйымдылықтағы автоклавта ұсталды. Осы гидротермиялық өңдеу нәтижесінде трититанат қабаттары өздігінен ұйымдасып, бір өлшемді құрылымдарға – наноталшықтарға айналады. Бұл фазалық қайта құрылу TiO_6 октаэдрлерінің қайта орналасуы мен қабаттардың шиыршықтала (спираль тәрізді) оралуы арқылы жүзеге асады.

Өңдеуден кейін алынған қоспа бөлме температурасына дейін салқындатылды. Дайындалған ақ, үлпек тәрізді өнімдер гидротрититанат үлгілерін алу мақсатында 0,1 М сұйылтылған тұз қышқылы (HCl) ерітіндісінде бірнеше рет ион алмастыру процесіне ұшыратылды. Осыдан кейін материал центрифугалау арқылы қайта бөлініп, бейтарап ортаға жеткенше бидистилденген сумен мұқият жуылды.

Алынған құрылымнан натрий иондарын кетіру және материалдың тұрақтылығын арттыру үшін протон алмасу реакциясы жүреді:

$$Na_2Ti_3O_7+2HCl\rightarrow H_2Ti_3O_7+2NaCl \quad (9)$$


Нәтижесінде протондалған трититанаттар түзіледі – олар жоғары термиялық тұрақтылықпен және жақсы иондық өткізгіштік қасиеттерімен сипатталады.

TiO_2 ақ тұнбасы алдымен ауада, кейін вакуумда 100 °C температурада 20–24 сағат бойы кептірілді. Айта кету керек, алынатын TiO_2 морфологиясы шикізаттың табиғатына, сілтілік ерітіндінің концентрациясына, реакция температурасы мен ұзақтығына, сондай-ақ қышқылмен жуу кезеңіне тікелей байланысты. Бұл факторлар синтез процесін мақсатты түрде нанотүтіктерді басқаруға мүмкіндік береді. Осылайша, нақты синтез шарттарын реттеу арқылы TiO_2-нің қажетті наноқұрылымдары – нанобөлшектер, наноленталар және наносымдар – алынуы мүмкін [136].

Кристалдық құрылымға қол жеткізу үшін алынған материал 450 °C температурада муфель пешінде күйдірілді. Бұл термиялық өңдеу барысында протонданған трититанаттар қайта кристалданып, анатаз фазасындағы наноқұрылымды TiO_2-ге айналады (Сызба 3). Бұл процесс келесі реакциямен сипатталады:

$$H_2Ti_3O_7 \xrightarrow{450-600^0C} 3TiO_2\,(анатаз)+H_2O \quad (10)$$

Дайындалған TiO_2 ұнтағы әрі қарай анод элементін дайындау мақсатында қолданылды.



Сызба 3 – Гидротермиялық әдіспен наноталшықты TiO_2 ұнтғын алу сызбасы

2.2.3 Қатты фазалы химиялық реакция әдісімен алу

TiO_2(B)/анатаз фазасы қатты фазалық химиялық әдіс арқылы синтезделді. Титанил оксисульфаты ($TiOSO_4 \cdot xH_2SO_4 \cdot xH_2O$) және қымыздық қышқылы ($H_2C_2O_4 \cdot 2H_2O$) Sigma-Aldrich компаниясынан алынған және қосымша тазартусыз пайдаланылды. TiO_2(B)/анатаз синтезі үшін 0,1 моль $TiOSO_4 \cdot xH_2SO_4 \cdot xH_2O$ өлшенді. Оған 0,15 моль $H_2C_2O_4 \cdot 2H_2O$ қосылып, қоспа 25 °C температурада шарлы диірменде 1 сағат бойы ұнтақталды (100 айналым: 10 минут жұмыс, 5 минут үзіліс, 6 цикл).


Ұнтақ толық реакция жүруі үшін 70 °C температурада су моншасында 12 сағат бойы қыздырылды — бұл кезеңде синтездің аралық өнімі (прекурсор) түзілді. Прекурсор 550 °C температурада 3 сағат бойы, 5 °C/мин жылыну жылдамдығымен күйдірілді. Күйдірілген өнім бейтарап ортаға жеткенше бидистилденген сумен Бюхнер сүзгішінде жуылды және кейіннен 40 °C температурада вакуумды кептіргіште 12 сағат бойы кептірілді (Сызба 4).

Төменде жүріп жатқан процестердің реакция механизмдері берілген [167]:

$$TiOSO_4 \cdot xH_2SO_4 \cdot xH_2O + H_2C_2O_4 \cdot 2H_2O = TiOC_2O_4 + H_2SO_4 + H_2O \quad (11)$$

$$TiOC_2O_4 = TiO_2 + CO_2 + CO \quad (12)$$

TiO_2(B)/анатаз композициялық оксидтері 10 салмақтық % көміртек қарасы (Y50A; Saft) және 10 салмақтық % поливинилиденфторидпен (PVDF; Solvay, Solef 5130) араластырылып, электрод дайындауға пайдаланылды. Еріткіш ретінде N-метил-2-пирролидон (NMP, 99%; Sigma-Aldrich) қолданылды.



Сызба 4 – Қатты фазалық химиялық реакция әдісімен нанотаяқшалы TiO_2 ұнтағын алу сызбасы

2.3 Әртүрлі әдістермен алынған титан оксиді негізіндегі анодтық материалдарды дайындау


Электрхимиялық анодтау әдісімен алынған титан оксиді тікелей титан бетінде өсірілетіндіктен, оны электрод ретінде қолдану үшін қосымша өңдеуді қажет етпейді. Өйткені олардың электрондық өткізгіштігі жеткілікті жоғары болды және ток өткізгіш ретінде тікелей титан субстраты қолданылды. Гидротермиялық және қатты фазалық әдістермен алынған титан оксиді ұнтақтарынан анодтық материалдарды дайындау 5-сызбада берілген технологиялық қадамдар негізінде жүзеге асырылады.

Анодтық қоспаның негізгі компоненттері: белсенді (TiO_2 ұнтағы), байланыстырғыш поливинилиден фториді (ПВДФ) және еріткіш n-метилпирролидон (НМП), электр өткізгіш қоспа ацетилен қара (көміртекті қара, ацетилен, 100%, сығылған), 99,9%). ПВДФ TiO_2 негізіндегі анодтық материал үшін кеңінен қолданылатын және қолайлы байланыстырушы агент болып табылады. Бұл байланыстырушы агент жоғары молекулалық салмақ, жоғары термиялық тұрақтылық, химиялық инерттілік және тамаша механикалық қасиеттер сияқты физикалық және химиялық сипаттамаларға ие. Сонымен қатар, белсенді материалдың бөлшектерін және электр өткізгіш қоспаны байланыстыруда, электрод материалының қабықшасы мен төсеме арасында жақсы адгезияның қалыптасуы және электродтың механикалық тұрақтылығы жақсартуда аса үлкен рөл атқарады [137].

Жоғарыда аталған компоненттердің қажетті мөлшері араластырылып, электрод пастасы алынды. Элементтің электрхимиялық көрсеткіштеріне үлкен әсер ететін электрод пастасын дайындау кезінде жоғарыда аталған компоненттерді араластыру ретін дұрыс сақтау маңызды [138]. Алдымен активті материал мен электр өткізгіш қоспа агат үккішінде жақсылап араластырылып, содан кейін дисперсті қоспа алдын ала ерітілген байланыстырушы материалға (ПВДФ) қосылды [139]. Электрод компоненттерінің араласу және дисперсия процестері электрод массасының реологиялық қасиеттеріне тікелей әсер етеді [137, 138]. Реологиялық қасиеттер электрод массасының құрамдас бөліктерінің өзара әрекеттесуіне байланысты. Қоспа компоненттерінің тартымды/итеруші күштері жекелеген компоненттердің агломерациясына және шөгуіне әкелуі мүмкін болғандықтан, бұл, өз кезегінде, олардың бүкіл көлемге біркелкі таралуын тудыруы мүмкін [142].

Гель тәріздес анодты массаны алу үшін компоненттерді араластыру оны кейіннен мыс негізге жағу планетарлық диірмендерде, центрифугаларда немесе агат үккіштерде жүзеге асырылады. Алғашқы екі әдіс өнеркәсіпте анод пастасын өндіру үшін қолданылады. Араластыру уақыты мен жылдамдығын компоненттердің пайыздық қатынасы мен қоспаның тұтқырлығын ескере отырып, тиісінше 5 минуттан 24 сағатқа дейін және 100-ден 10 000 айн/минутқа дейін өзгертуге болады [143]. Араластырудың оңтайлы уақыты мен жылдамдығы қоспаның құрамдас бөліктерінің қатынасымен анықталады

және осы арақатынастың әрбір өзгеруімен оңтайландырылуы керек. Бірақ анодтық және катодтық материалдардың электрхимиялық қасиеттерін зерттеуге арналған көптеген жұмыстарда араластыру параметрлері келтірілмейді, тек қоспаның гомогенизациясы туралы айтылады.



Сызба 5 – Гидротермалды әдіспен алынған анод материалын алудың және дайындаудың жалпы технологиялық-құрылымдық сызбасы

Анод массасының құрамдас бөліктерін араластырғаннан кейін қоспадағы белсенді материал мен электр өткізгіш қоспаның қажетті таралуына жету үшін алынған қоспаның реологиялық қасиеттерін бақылау қажет. Араластыру және тарату кезінде электрод массасының жақсы өтімділігі барлық бөлшектердің біркелкі таралуына алып келеді. Бұл ретте дайындалған масса белсенді материал мен электр өткізгіш қоспаның тұнбаға түспеуі үшін тыныштықта жоғары тұтқырлыққа ие болуы керек. Гомогендеу процесінен кейінгі гидротермиялық әдіспен алынған TiO_2 негізіндегі анод массасы алдын ала тазартылған мыс фольгаға, қатты фазалық химиялық реакция әдісімен алынған TiO_2 негізіндегі анод массасы Ni торына жағылады. Жағуды құю, жаю

немесе басып шығару (басып шығару) арқылы жүзеге асыруға болады. Әрбір әдістің кемшіліктері мен артықшылықтарына байланысты өнеркәсіптік немесе зертханалық қолдануды анықтауға болады.

Мыс төсемесіне және Ni торына анодтық қабатты жағу процесін бастамас бұрын, келесі процедураларды орындау қажет: төсемені зақымдамай, беткі ластаушы заттарды кетіру және олардың арасындағы жақсы адгезияны қамтамасыз ете алатын әртүрлі еріткіштермен майсыздандыру.

Мыс фольгасы мен Ni торының беті 10% HCl өңделіп, бірнеше рет бидистилденген сумен шайылып, содан кейін кептіруден кейін ацетонмен майсыздандырылды. Анод қоспасы құю әдісімен төсемеге жағылды. Содан кейін тот баспайтын болаттан жасалған «SZQ» жаққышымен, алынған массаны белгілі бір қалыңдықтағы қабыршақ алу үшін алға қарай созылды. Төрт жақты аппликатор ылғалды жабынның қажетті қалыңдығын таңдауға мүмкіндік береді. Кептіруден кейін әдеттегі қабыршақ қалыңдығы диапазоны 1-100 мкм құрайды.

Бұл әдіс қарапайым және күрделі жабдықты қажет етпейді, сондықтан ол негізінен зертханалық жағдайларда қолданылады.

Анодтық қабатпен қапталған мыс төсемесі екі сатылы кептіруге ұшырайды: еріткіштің бетінен булану үшін алдын ала кептіру; ылғал іздерін кетіру үшін соңғы кептіру. Электродтарды дайындау кезінде оның микроқұрылымына, атап айтқанда, полимер байланыстырушының кеуектілік дәрежесіне және кеуек өлшеміне, кристалдылық дәрежесі мен күйі сияқты физика-химиялық сипаттамаларына айтарлықтай әсер ететін кептіру сатысының негізгі және үлкен маңызы бар. Кептіру процесіне келесі параметрлер әсер етеді: температура, будың қысымы, беттік ауданның қатынасы – камераның көлемі, беттегі ауа ағынының жылдамдығы. Әдетте кептіру екі кезеңде жүзеге асырылады. Екінші кезеңде вакуумдық пеш қолданылады. Кептіру температурасы электрод қабатының пайда болуында маңызды рөл атқарады. Сондықтан бастапқы кептіру кезінде еріткіштің негізгі бөлігін жою үшін төмен температура тиімді қолданылады. Ортаның вакуумымен төсемеде тұндырылған дымқыл қабат температурасының күрт жоғарылауы буланудың жоғары жылдамдығына, соның ішінде көпіршіктердің пайда болу кезеңіне, тіпті электрод қабатының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Бастапқы кептіруден кейін қажетті өлшемдегі электродтарды кесу қажет (Сурет 8ә). Біздің ұяшық үшін сәйкес электрод диаметрі 10 мм (S=0,785 $см^2$). Электрод металға арналған тескіштің көмегімен тесілді.

Кептіру кезінде температураны бақылау еріткіштің оңтайлы булану кинетикасына қол жеткізу үшін өте маңызды, бұл өз кезегінде электродтың жақсы механикалық қасиеттеріне және бөлшектер арасындағы жақсы жанасуына алып келеді. Бұл жұмыста бастапқы кептіру 60°C температурада, содан кейін 24 сағат ішінде біртіндеп 80°C дейін көтеріп, жүргізілді. Екінші кептіру кезеңі вакуумда 100° C 24 сағат бойы жүргізілді.

МИБ электрхимиялық параметрлері электрод қоспасының құрамдас бөліктерінің (белсенді материал, байланыстырғыш және электр өткізгіш қоспа) құрамына және олардың сандық құрамына тікелей байланысты. Анодтық қоспада белсенді материалдың мөлшері максималды болуы керек, өйткені электродтың сыйымдылығы оған байланысты. Осылайша, белсенді материалдың құрамын мүмкіндігінше көбейтіп, соған сәйкес байланыстырғыш пен электр өткізгіш қоспаның құрамын азайту арқылы коммерциялық ұяшықтарда қолданылатын жоғары сыйымдылығы бар электродты композитті алуға болады [144].

Анодтық қоспадағы компоненттердің мөлшері келесідей: белсенді материал (TiO_2) 90%, байланыстырғыш (ПВДФ) 5%, электр өткізгіш қоспа (С) 5%.

Нәтижесінде гидротермиялық әдіспен алынған TiO_2 негізінде дайындалған анодты материалдың диаметрі 1 см, ал қатты фазалық химиялық реакция әдісімен алынған TiO_2 негізінде дайындалған анодты электрод диаметрі 0,94 см құрады. Активті материалдың ток қабылдағыш бетіне қатысты массалық жүктемесі 16,57 мг/см^2 құрады. Геометриялық беткі ауданы 0,785 см^2 және 0,694 см^2, сәйкесінше болатын дөңгелек электродтар дайындалып, инертті атмосфералы қолғапты бокс (Ossila) ішінде сақталды.

2.4 Синтезделген анодтық материалдардың морфологиялық сипаттамаларын зерттеу үшін қолданылатын аспаптар мен құрылғылар

TiO_2 нанотүтіктерінің (НТ) кристалдық құрылымы рентгендік диффракциялық талдау (РДТ) әдісі арқылы зерттелді. Диффракциялық деректер Bruker D5000 құрылғысында Cu Kα сәулеленуімен (λ = 0,15406 нм, 38 кВ, 30 мА) тіркелді. Сканерлеу қадамы – 0,04°, өлшеу уақыты – 2 секунд. TiO_2 анатаз фазасының морфологиялық қасиеттері жоғары ажыратымдылықты сканерлеуші электрондық микроскоп (ZEISS Gemini SEM 500) арқылы 5 кВ үдеткіш кернеуде зерттелді. Сонымен қатар, үлгілердің элементтік құрамын растау үшін энергия-дисперсиялық рентгендік спектроскопия (ЭДС) әдісі қолданылды. Сонымен қатар, TiO_2 нанотүтіктерінің гидрофильділігі бөлме температурасында және 40% салыстырмалы ылғалдылық жағдайында оптикалық тензинометр (Biolin Scientific Oy, Tietajantie 2. 02,130 Espoo, Finland) көмегімен өлшенді. Беткі қабаттың сулығын (гидрофильділігін) анықтау үшін көлемі 3 мкл болатын еріткіштің (EC/DMC) тамшысы пайдаланылды. Еріткіш тамшысының бетпен жанасу бейнесі CMOS 2/3″ сенсорлы сандық камера арқылы түсірілді. Гидрофильділік дәрежесі үлгінің бетімен жанасу бұрышының (WCA) орташа мәні бойынша бағаланды, ол үшін әр үлгінің 10 түрлі нүктесінде өлшеулер жүргізілді. Электрхимиялық анодтау әдісімен алынған TiO_2 нанотүтіктерінің морфологиялық сипаттамалары Францияның Марсель қаласындағы Экс-Марсель университетінің Мадирель зертханаларында зерттелді.

Гидротермиялық және қатты фазалық химиялық реакция әдістерімен алынған TiO_2 негізіндгі анодты материалдардың морфологиялық сипаттамалары әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ННЛОТ ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасында зерттелді. Рентгенфазалық талдау Rigaku Miniflex 600 (Жапония) маркалы рентгендік дифрактометрде жүргізілді. CuKα сәулелену көзі (толқын ұзындығы λ = 1,5406 Å) қолданылды. Сканерлеу 10°-тан 80°-қа дейінгі бұрыштық диапазонда, 0,05°/мин жылдамдықпен орындалды. Алынған рентгенограммалар Fpeak бағдарламасының көмегімен өңделіп, рефлекстердің бұрыштық орны мен интенсивтілігі анықталды.

Морфологиялық зерттеулер Quanta 200i 3D маркалы көпфункционалды СЭМ құрылғысында жүргізілді.

2.5 TiO_2 негізіндегі наноматериалдардың электрхимиялық қасиеттерін зерттеуге қолданылған құрылғылар мен эксперименттік жағдайлар

Электрхимиялық өлшеулер әрбір материалдың синтез ерекшеліктеріне сәйкес арнайы конфигурацияланған жүйелерде жүргізілді. Электрхимиялық анодтау арқылы алынған TiO_2 нанотүтіктердің сынақтары екі электродты Swagelok ұяшығында, инертті атмосферамен қамтамасыз етілген қолғап боксында (MBraun Labstar, H_2O және O_2<0,5 ppm) орындалды. Жұмыс электроды ретінде тікелей титан субстратында өсірілген нанотүтіктер қолданылып, Ti субстраты ток жинағыш қызметін атқарды. Көмекші және салыстырмалы электрод ретінде металл магний пайдаланылды.

Жұмысшы электрод пен көмекші электрод арасында диаметрі 10 мм болатын шыны талшықты сепаратор (Whatman шыны микроталшықты диск) орналастырылды. Электрхимиялық сипаттамаларды анықтау үшін электролит ретінде этиленкарбонат пен диметилкарбонаттың (1:1) тең көлеміндегі ерітіндіде дайындалған (0.125–0.5 M) $Mg(TFSI)_2$ тұзы қолданылды.

Электродтардың анодтық және катодтық шыңдары цикликалық вольтамметрия (CV) әдісімен BioLogic SP-150 аспабы арқылы тіркелді. CV қисықтары 0.5–2.5 В (Mg/Mg^{2+} қатысты) потенциал аралығында және 0.1–10 $мВ \cdot с^{-1}$ жылдамдықпен жазылды.

Гидротермиялық әдіспен алынған TiO_2 наноталшықтары үшін де осындай өлшеу шарттары қолданылып, потенциал терезесі 1–2,3 В аралығында орнатылды. Ал қатты фазалық химиялық синтез арқылы алынған үлгілердің электрхимиялық қасиеттері «coating cell» типті үш электродты ұяшықта зерттелді. Бұл жағдайда жұмыс электроды TiO_2, көміртек және ПВДФ құрамындағы пастаны никельді ток жинағышқа жағу арқылы дайындалды. Электролит ретінде $Mg(ClO_4)_2$ тұзының ацетонитрилдегі 0,05–0,15 М концентрацияларындағы ерітінділері, сондай-ақ LiCl қосылған Mg^{2+}/Li^{+} гибридті электролиттері қолданылды. Зерттеулер Autolab 302N және

Bio-Logic SP300 құрылғылары көмегімен жүргізіліп, ЦВА, заряд-разряд сынақтары және EIS өлшеулері қамтылды.

Үш түрлі әдіспен алынған электродтардың жұмыс тиімділігі гальваностатикалық заряд/разряд әдісі арқылы қосымша бағаланды. Бұл тәсіл әртүрлі морфологиядағы материалдардың қайтымдылығын, энергия сақтау қабілетін және иондардың интеркаляция/деинтеркаляция процесіне қатысты ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік берді. Бөлімнің соңында алынған нәтижелер жинақталып, синтез әдістері, құрылымдық сипаттамалар мен электрхимиялық өнімділік арасындағы өзара байланыстар талданады. Мұндай кешенді сараптама зерттеліп отырған материалдардың магний-иондық аккумуляторлардағы болашағын бағалауға негіз болады.

3. НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

3.1 Әртүрлі әдістемен алынған наноқұрылымды TiO_2 морфологиялық және құрылымдық сипаттамаларын зерттеу

Анодтық материалдың құрылымдық қасиеттері оның электрхимиялық өнімділігіне тікелей әсер етеді. Әсіресе, наноқұрылымды материалдарда бөлшектердің өлшемі, пішіні, беткі ауданның көлемі және кристалдық фаза сияқты параметрлер магний иондарының интеркаляциялану процесіне айтарлықтай ықпал етеді. Осыған байланысты, алынған TiO_2 үлгілерінің морфологиясын және фазалық құрамын жан-жақты талдау – олардың анодтық қасиеттерін түсіну және болашақ электрхимиялық нәтижелермен байланыс орнату үшін маңызды.

Бұл бөлімде сканирлеуші электронды микроскопия (СЭМ) және рентгенді дифракциялық талдау (РДТ) әдістері арқылы әртүрлі синтез әдістерімен алынған TiO_2 үлгілерінің беткі морфологиясы мен кристалдық құрылымы сипатталады.

Нанотүтікті TiO_2 морфологиялық сипаттамаларын зерттеу


Электрхимиялық анодтаудан кейін термиялық өңдеуге ұшырамаған TiO_2 нанотүтіктері аморфты күйде болады. Mg^{2+} иондарының интеркаляциясы мен деинтеркаляциясын жақсарту мақсатында бұл материал 450 °C температурада күйдіріліп, анатаз фазасына түрлендірілді.

Анатаз фазасына өткен және термиялық өңдеуден өтпеген үлгілердің РДТ үлгілері салыстырмалы түрде талданды (7-сурет). Рентгенограммаларда тікелей титан фольгасы бетінде қалыптасқан нанотүтіктерге байланысты титан субстратына тән (JCPDS-ICDD 44–1294) дифракциялық шыңдар байқалды.

450 °C температурада күйдірілген үлгіде 2θ бұрыштарында 25,28°, 48,04° және 55,12° мәндеріне сәйкес келетін үш айқын дифракциялық шың анықталды. Бұл шыңдар анатаз фазасының (101), (200) және (211) кристалдық жазықтықтарына сәйкес келеді. Дифракциялық шыңдардың ені мен қарқындылығының төмендігі TiO_2 үлгінің нанокристалдық құрылымын көрсетеді. Сонымен қатар, (101) жазықтығына тән шыңның ерекше өткір және қарқынды болуы кристалл түзілуінің осы бағытта басым жүретінін айғақтайды.

СЭМ микросуреттері жоғарғы жағы ашық және біркелкі таралған TiO_2 нанотүтіктерінің (НТ) қалыптасқанын көрсетті. 60 В кернеуде жүргізілген электрхимиялық анодтау нәтижесінде ішкі диаметрі шамамен 70 нм болатын кеуекті құрылымдағы нанотүтіктер алынды (8а-сурет).

8ә-суретте көрсетілгендей, 450 °C температурада жүргізілген термиялық өңдеуден кейін ішкі диаметрі 90–150 нм және ұзындығы 0,8 ± 0,1 мкм болатын жеке бөлінген нанотүтіктер түзіледі.




Сурет 7 – TiO_2 НТ күйдіруге дейінгі және күйдіруден кейінгі рентгенограммалары

Айта кету керек, бұл нанотүтіктердің қабырғалары өте жұқа, бұл иондардың диффузиялық жолын қысқартып, заряд/разряд циклдері барысында құрылымдық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді[145].

TiO_2 нанотүтіктердің беткі қасиеттері олардың электродтық жұмыс істеу қабілетіне тікелей әсер етеді. Әсіресе, олардың гидрофильділігін бағалау – алынған құрылымдардың кеуектілігін, беттік бос аймақтардың бар-жоғын және электролитпен әрекеттесу мүмкіндігін жанама түрде анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, синтезделген нанотүтіктердің гидрофильдік сипатын зерттеу – олардың морфологиясын жанама растаудың маңызды әдісі болып табылады.

Гидрофильді қасиетке ие бір өлшемді TiO_2 наноқұрылымы электрон тасымалдау, ион миграциясы және меншікті беткі ауданның артуын қамтамасыз етіп, энергия сақтау жүйелеріне арналған анодтық материалдарды жасау үшін тиімді болып табылады [146].


9а,б-суреттерде таза титан бетінің, анодтаудан кейінгі және термиялық өңдеуден кейінгі TiO_2 бетінің суланғыштық қасиеттерін зерттеу нәтижелері көрсетілген. TiO_2 нанотүтіктердің гидрофильділігі негізінен олардың құрамындағы фтор иондарының (F^-) мөлшеріне байланысты.



Сурет 8 – Құрамында 2% H_2O және 1,3% NH_4F глицерин электролитінде анодтау арқылы 60 В-та 3 сағат өсірілген өздігінен құрастырылған TiO_2 нанотүтіктерінің а, ә термиялық өңдеуге дейін және кейінгі СЭМ суреттері; б, в термиялық өңдеуге дейінгі және кейінгі TiO_2 НТ ЭДС спектрлері, сәйкесінше.

Күйдіру процесі барысында фтор иондары тордан ұшып шығып, олардың орнына оттегі вакансиялары түзіледі (яғни, екі координациялы оттегі атомдары орналасқан көпірлердің орнында). Бұл өз кезегінде беткі қабаттағы гидроксид иондарымен әрекеттесу қабілетін арттырып, гидрофильді аймақтардың түзілуіне ықпал етеді [147].

9а-суретте көрсетілгендей, таза титан фольгасының суланғыштық бұрышы 86,517°-ты құрайды. Анодтау жүргізілгеннен кейін гидрофильді бет қалыптасады, оның суланғыштық бұрышы 19,766°-қа дейін төмендейді, бұл беткі бос аймақтардың (кеуектердің) бар екендігін көрсетеді. Үлгіні 3 сағат бойы термиялық өңдеу нәтижесінде суланғыштық бұрышы одан әрі 10,188°-қа дейін төмендеп, TiO_2 нанотүтіктердің торларында бос орындардың артуы байқалады.



Сурет 9 – Ылғалдану өлшемдері. а) Ті, ә) күйдіру алдында TiO_2 НТ, б) күйдіруден кейінгі TiO_2 НТ


Бұл құбылыс анатаз фазасының құрылымдық ерекшеліктерімен түсіндіріледі: күйдіруден кейін Ті және О атомдары TiO_2 кристалдық торында реттелген түрде орналасады. Сонымен қатар, жоғары температурадағы термиялық өңдеу TiO_2 бетінде болуы мүмкін органикалық ластануларды жояды және оның еріткіш молекулаларын адсорбциялау қабілетін арттырады [148].

Наноталшықты TiO_2 морфологиялық сипаттамаларын зерттеу


Анодтық материалдың құрылымдық және морфологиялық қасиеттері гидротермиялық өңдеуден кейін рентгендік дифракциялық талдау (РДТ) және сканерлеуші электрондық микроскопия (СЭМ) әдістері арқылы зерттелді.

РДТ нәтижелері TiO_2 наноталшықтардың анатаз фазасына тән тетрагональді құрылымға ие екенін көрсетті. Бұл құрылымның кеңістіктік симметриясы $I4_1/amd$ (№141) тобына жатады. Диаграммада анатаз фазасына сәйкес келетін барлық негізгі дифракциялық шыңдар тіркелді. Есептелген тор параметрлері: a = b = 3,7852 Å, c = 9,5139 Å, бұрыштар α = β = γ = 90,0°, ал элементар ұяшық көлемі – 136,313 $нм^3$. Дифракциялық шыңдардың кең және төмен қарқындылықта болуы зерттеліп отырған материалда нанокристаллиттердің басым екенін көрсетеді. Сонымен қатар, (101) жазықтығына сәйкес келетін интенсивті және жіңішке шыңның тіркелуі TiO_2 кристалдарының [101] бағытында бағытталып өскенін (текстураланғанын) көрсетеді (Сурет 10).

11–суретте коммерциялық TiO_2 ұнтағы мен гидротермиялық өңдеуден кейінгі үлгінің СЭМ микросуреттері берілген. Гидротермиялық өңдеуге дейін коммерциялық TiO_2 ұнтағы микрометр деңгейіндегі бөлшектерден тұратын үлпек тәрізді, біртекті емес құрылымға ие болды, бұл оның наноқұрылымды емес екендігін көрсетті. Ал гидротермиялық синтезден кейін материалдың морфологиясы айтарлықтай өзгеріске ұшырады: бөлшектер ұзынша талшықты құрылымға – наноталшықтарға айналды.



Сурет 10 – Гидротермиялық өңдеу арқылы алынған TiO_2 рентгендік дифракциялық үлгісі




А Ә

Сурет 11 – Гидротермиялық синтез арқылы алынған TiO_2 және коммерциялық TiO_2 СЭМ суреттері: а) коммерциялық TiO_2; ә) гидротермиялық өңделген TiO_2.

Бұл құрылымдардың ені 10-15 нм құраса, ұзындығы 0,20-0,35 мкм дейін жетті. Бұл нәтижелер гидротермиялық әдіс арқылы TiO_2 негізіндегі бірфазалы, бағытталған наноқұрылымдарды сәтті синтездеуге болатынын дәлелдейді.

Нанотаяқшалы TiO_2 морфологиялық сипаттмаларын зерттеу


Синтезделген TiO_2(B)/анатаз үлгілерінің морфологиясы СЭМ (сканерлеуші электрондық микроскопия) арқылы зерттелді, және 12-суретте нәтижелері көрсетілген. Микросуреттерден алынған өнімдердің біркелкі, ұзын және жіңішке таяқшалардан тұратыны анық байқалады, сонымен қатар олардың ұзындығы мен диаметрінің арақатынасы жоғары (қызыл шеңбермен белгіленген). TiO_2 нанотаяқшалар айқын көрінеді және бір-бірінен жақсы ажыратылған. Сонымен қатар, бөлшектердің едәуір бөлігі микросфералар түрінде және айқын агрегатталған (жасыл шеңбермен белгіленген). Бөлшектердің өлшемі мен пішіні біркелкі. Композициялық оксидтер бірнеше микрометрлік өлшемдегі гүлді орамжапыраққа ұқсас агрегаттарға бірігіп, белсенді материал мен электролит арасындағы жақсы байланыс орнатады. Қорытындылай келе, қолданылған синтез әдісі алынған материалдың құрылымы мен морфологиясын жақсы бақылауға мүмкіндік беретін қайталанатын және әмбебап нанобөлшектерді алуға жол ашады.



А Ә

Сурет 12 – Синтезделген TiO_2(B)/Анатаз материалының СЭМ кескіні, әртүрлі үлкейтулерде: 5000 x (a); 50000 x (b).

Нанотаяқшалы TiO_2 материалының рентгендік дифракциялық сипаттамасы 13а-суретте келтірілген. Әдеби деректерге сәйкес [149], 36,1° шамасындағы шың TiO_2 (B) фазасының негізгі дифракциялық шыңы болып табылады (JCPDS № 74-1940). Зерттелген үлгінің РДТ диаграммасында 2θ бұрыштары шамамен 25,3°, 37,9° және 48,1° мәндерінде айқын дифракциялық шыңдар байқалды, олар сәйкесінше анатаз фазасының (101), (004) және (200) жазықтықтарына сәйкес келеді.



А Ә

Сурет 13 – Қатты күйде синтезделген ұнтақтың РФА спектрлері – (а); анатаздың таралуы және (ә) – синтезделген TiO_2 формалары.

Сонымен қатар, шамамен 36,1° және 56,6° бұрыштарында әлсіз шыңдар тіркеліп, олар TiO_2(B) фазасының (110) және (210) жазықтықтарына сәйкес келетіні анықталды. Шыңдардың интенсивтілігі үлгінің шамамен 90% анатаз және 10% TiO_2(B) фазаларынан тұратынын көрсетеді. Шыңдардың салыстырмалы түрде жіңішке әрі өткір болуы материалдың жақсы кристалданған құрылымын көрсетеді. Фазалық құрамды сандық талдау нәтижелері 13ә-суретте берілген. РДТ талдауының нәтижелері көрсеткендей, қатты фазалық химиялық синтез арқылы TiO_2(B) фазасы сәтті алынған.

Анодтық материалдардың тиімділігін кешенді бағалау мақсатында синтезделген TiO_2 негізіндегі үш түрлі нанокұрылымның (нанотүтіктер, наноталшықтар және нанотаяқшалардың) электрхимиялық қасиеттері жан-жақты зерттелді. Бұл бөлімде олардың электрхимиялық белсенділігі циклдік вольтамперометрия (ЦВА), гальваностатикалық заряд/разряд өлшеулері және кедергілік сипаттамалар негізінде қарастырылады.


3.2 Әр түрлі нанокұрылымды TiO_2 негізіндегі материалдардың электрхимиялық қасиеттерін зерттеу

3.2.1 Нанотүтікті титан оксидіне Mg^{2+} иондарының интеркаляция/деинтеркаляция процестерінің әсерін зерттеу

TiO_2 нанотүтіктердің (НТ) электрхимиялық қасиеттерін тереңірек зерттеу мақсатында циклдік вольтамперометрия (ЦВА) өлшеулері 0,5–2,5 В потенциал аралығында 5 мВ·с$^{-1}$ жылдамдықпен жүргізілді. 14-суретте нанотүтікті титан оксиді негізіндегі үлгінің циклдік вольтамперограммасында

катодтық және анодтық шыңдар айқын байқалады, бұл материал құрылымында электролит иондарының енуі мен шығуына байланысты қайтымды электрхимиялық процестердің жүретінін көрсетеді. Металл титанда айқын шыңдардың болмауы зерттеу жағдайында оның бетінің электрхимиялық белсенділігінің төмен екенін білдіреді. Нанотүтікті құрылымдағы шыңдардың айқын көрінуі оның үлкен меншікті бетінің, электролиттің белсенді орталықтарға еркін енуінің және материалдың иондық өткізгіштігінің артуының нәтижесі болып табылады. Осылайша, нанотүтікті титан оксиді анодтық материал ретінде тиімді жұмыс істей алатынын көрсетеді, ал тығыз металл титанда мұндай қасиеттер байқалмайды. 15-суретте нанотүтікті титан оксидінің циклдік вольтамперограммаларындағы байқалатын катодты және анодты шыңдар цикл санының артуына қарай сәйкесінше катод және анод бағытында ығысады. Mg^{2+} иондарына қатысты TiO_2 НТ үлгісі толық қайтымды электрхимиялық әрекет танытпайды. Ер[ред]–Ер[окс] мәнінің 0,057/n [В]-тан жоғары болуы процестің идеалды қайтымды еместігін көрсетеді, дегенмен, катодтық және анодтық шыңдардың болуы бұл процестің квазиқайтымды сипатта екенін білдіреді.

Сонымен қатар, цикл саны артқан сайын шыңдардың биіктігі де арта түседі, бұл магний иондарының электрод құрылымына тиімді енуімен түсіндірілуі мүмкін. 15-суретте көрсетілгендей, вольтамперограммалардағы шың биіктігі электроактивті бөлшектердің көлемдік концентрациясына тікелей пропорционал болады, бұл Рэндлс-Шевчик теңдеуімен (теңдеу 5) сипатталады. Mg^{2+} иондарының концентрациясы мен шың биіктігі арасындағы бұл тәуелділік 15ә-суретте анық байқалады.



Сурет 14 – TiO_2-НТ және Ti циклдік вольтамперограммалары, 0,5 М $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC, 5 мВ $с^{-1}$

Алайда, электрод бетіндегі деполяризатордың (Mg^{2+}) беткі концентрациясы да маңызды рөл атқарады. Бірінші циклдан кейін материалдың бұрын белсенді болмаған аймақтарының іске қосылуы нәтижесінде электрхимиялық белсенді бет өзгеріске ұшырайды деп болжаймыз. Бұл беткі концентрацияның артуы нәтижесінде шың биіктігінің өсуімен түсіндіріледі.

Q_a/Q_c қатынасының үш цикл бойынша салыстырылуы (4-кесте) Mg_xTiO_2 тәрізді интеркаляциялық қосылыстардың түзілуі мүмкін екенін көрсетеді.


Бірінші циклден кейін магний иондарының катодтық тотықсыздану зарядының (Q_c) мәні анодтық тотығу зарядымен (Q_a) салыстырғанда 1,5 есе жоғары екенін 4-кестеден байқауға болады. Мұндай айырмашылықтың пайда болуы магний мен титанның аралас оксидтерінің (Mg_xTiO_2) түзілуімен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, магнийдің анодтық еруі кезінде диспропорционирлеу реакциясы жүреді ($Mg^0 \rightarrow Mg^+ + e^-$, $2Mg^+ \rightarrow Mg^{2+} + Mg^0$), бұл анодтық процесте электрондардың санының азаюына алып келеді.

Сонымен бірге, екінші циклде С2 катодтық шыңының тоғы (15а-сурет) ұлғаятыны байқалады. Бұл Mg_xTiO_2 қосылыстарының түзілуімен түсіндіріледі, олар магний иондарының келесі интеркаляция процесін жеңілдетеді. Екінші циклден кейін қатты фазадағы магнийдің белсенділігі артады (Q_c мәні Q_a-дан жоғары болып қала береді), бұл өз кезегінде үшінші циклдегі С3 шыңының тоғының өсуіне алып келеді.

Вольтамперограммалардан (15а-сурет) байқалғандай, цикл саны артқан сайын анодтық шыңның потенциалы оң мәндерге қарай ығысады (А1-ден А3-ке дейін). Сонымен қатар, анодтық тотығу зарядының шамасы цикл сайын біртіндеп азаяды (4-кесте). Бұл тәуелділіктер анодтық процестің цикл артқан сайын қиындай түсетінін көрсетеді. Мұндай құбылыс әрбір циклден кейін пассивтену процесінің жүруімен және SEI қабатының (қатты электролиттік интерфейс) түзілуімен байланысты болуы мүмкін.

Сондай-ақ, 15а-суреттегі вольтамперограммалардың кері жүрісінен поляризациялық кедергі (R_p) мәні есептелді (4-кесте). Rp мәнін анықтау үшін ток нөлге тең нүктенің маңындағы ±20 мВ диапазонындағы сызықты аймақ таңдалды [147, 148]. Rp мәні цикл саны артқан сайын ұлғая түседі, бұл анодтық процестің қиындауымен және, мүмкін, пассивті қабаттың қалыңдығының артуымен байланысты болуы мүмкін [152].

Анодтық және катодтық шыңдардың табиғатын анықтау мақсатында циклдік вольтамперограммалар (ЦВА) әртүрлі концентрациялар жағдайында да алынды. 15ә-суреттен байқауға болады, концентрацияның артуына байланысты ЦВА тоғының да бірізді түрде артатыны байқалады. Сондықтан, анодтық және катодтық шыңдар магнийдің тұнуы мен еруі процестеріне сәйкес келеді деп айтуға болады.




Сурет 15 – TiO_2-НТ циклдік вольтамперограммалары. а) Алғашқы үш циклі, 0,5 М $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC, 5 мВ $с^{-1}$; ә) электролиттің жоғары концентрацияларында, 5 мВ $с^{-1}$

Кесте 4 – Катодтық және анодтық процестердің электр мөлшерінің мәндері, сондай-ақ әртүрлі циклдардағы поляризацияға төзімділік

Цикл	Q_c, мС	Q_a, мС	Q_c/Q_a	R_p, кΩ·$см^2$
1	2,31±0,10	1,56±0,08	1,48±0,05	51,63±1,50
2	1,58±0,08	1,34±0,07	1,18±0,05	102,25±3,10
3	1,42±0,07	1,24±0,06	1,46±0,05	132,45±5,60

Пайда болған катодтық шың магний иондарының анодтық материалға интеркаляциялану процесін көрсетеді деген болжамды растау үшін, электрод бетіне энергия-дисперсиялық рентгендік спектрлік (ЭДС) талдау интеркаляцияғадейін және кейін жүргізілді (Сурет 16а, б сәйкесінше). 16б-суреттегі спектрлік талдау нәтижелері электрод бетінде магний элементіне сәйкес келетін сигналдардың бар екенін көрсетті, бұл Mg^{2+} иондарының анод материалына сәтті интеркаляцияланғанын растайды.



Сурет 16 – А) TiO_2 НТ интеркаляцияға дейінгі және Б) интеркаляциядан кейінгі TiO_2 НТ ЭДС спектрлері

Бұдан бөлек, әртүрлі сканерлеу жылдамдықтарында алынған ЦВА деректерін талдау арқылы, электродта жиналған жалпы зарядтың құрамдас бөліктерін анықтауға болады (17-сурет). Әдетте, өлшенетін ток (i) сканерлеу жылдамдығына тәуелді дәреже заңына бағынады [153]:

$$i(V) = a\upsilon^b \quad (1)$$

$$\lg i(V) = b\lg\upsilon + \lg a \quad (2)$$

Мұндағы a және b – реттелетін параметрлер, ал υ – сканерлеу жылдамдығы. b көрсеткішінің мәндері анодтық және катодтық сканерлеу кернеулеріне байланысты $\log i$ – $\log \upsilon$ графигінің еңіс сызығынан анықталды (17-сурет).


“b” дәрежелік көрсеткіші $lg\, i$ – $lg\, \upsilon$ тәуелділігінен (17-сурет) алынған, яғни логарифмдік координаттардағы сызықтық графиктің көлбеу бұрышына сәйкес есептелді. Бұл табылған b мәндері өлшенген токтың сипатын сипаттайды [151, 152].

1,2 В потенциалда TiO_2 бетінде магнийдің катодтық тотықсыздануы кезінде b көрсеткішінің мәні 0,68-ге тең болды, бұл электрхимиялық реакцияның жүріп жатқанын, яғни токтың фарадейлік сипатта екенін көрсетеді (18а-сурет).

Фарадейлік процесс жағдайында Mg^{2+} иондарының титан оксиді фазасына диффузиясы жүзеге асады, және бұл кезде ток сканерлеу жылдамдығының квадрат түбіріне пропорционалды болады. Бұл келесі теңдеумен сипатталады [156]:

$$i = nFAC^*D^{\frac{1}{2}}\upsilon^{\frac{1}{2}}\left(\frac{\alpha n_a F}{RT}\right)^{\frac{1}{2}}\pi^{\frac{1}{2}}\chi(bt) \quad (3)$$

мұндағы C^* – электрод материалдарының беткі концентрациясы; α – заряд тасымалдау коэффициенті; D – химиялық диффузия коэффициенті; n – электродтық реакцияға қатысатын электрондар саны; A – электрод материалының беткі ауданы; F – Фарадей тұрақтысы; R – универсал газ тұрақтысы; T – температура; χ-*функциясы* – толқын бойындағы кез келген нүктеде таза сандық мәнге ие.




Сурет 17 – Әртүрлі сканерлеу жылдамдықтарында 0,5 М $Mg(TFSI)_2$/EC/DMC ішіндегі TiO_2 нанотүтіктерінің циклдік вольтамперограммалары.

Магнийдің анодтық тотығуы жағдайында *b* көрсеткішінің мәні 1-ге жақын немесе одан сәл ғана асып түседі (0,93–1,08 диапазонында) (18ә-сурет). Мұндай жағдайда электрхимиялық реакцияның рөлі төмен бағалануы мүмкін немесе өлшенетін ток фарадейлік емес сипатта болады және келесі теңдеумен түсіндіріледі [149].

$$i = C_d A \upsilon \qquad (4)$$

мұндағы i – заряд тоғы, ал C_d – қос электрлік қабаттың сыйымдылығы.



Сурет 18 – Әртүрлі потенциалдар мен әртүрлі сканерлеу жылдамдығында (Mg/Mg^{2+} тәуелді) lg(i)-нің lg(υ)-ге токтардың тәуелділік графигі.

(4)-теңдеудегі қатаң сызықтық тәуелділік жоғары сканерлеу жылдамдықтарында токтың сыйымдылықты зарядталуының басым болуына, ал төмен жылдамдықтарда – диффузиялық құрамдастың басым болуына алып келуі мүмкін. Сондықтан дәрежелік көрсеткіштің (b) мәндері, әдетте, 0.5-тен жоғары және 1-ге жақын аралықта болады.

Катодтық шың тоғының тығыздығы i_{pc} мен сканерлеу жылдамдығының квадрат түбірі ($\upsilon^{1/2}$) арасындағы сызықтық тәуелділік (19-сурет) магний иондарының интеркаляциясы диффузиямен шектелетін үдеріс екенін растайды.

i_{pc} – $\upsilon^{1/2}$ тәуелділігінің сызықтылығы магний иондарының диффузия коэффициентін (D_{Mg}) Randles–Ševčik теңдеуі арқылы есептеуге мүмкіндік береді [37]:


$$I_p = 0{,}4463n^{3/2}F^{3/2}CAR^{-1/2}T^{-1/2}D_{CV}^{1/2}\upsilon^{1/2} \quad (5)$$

мұндағы n – реакция кезінде бір молекулаға келетін электрондар саны, F – Фарадей тұрақтысы, C^* – Mg^{2+} иондарының мольдік концентрациясы, S – электродтың беткі ауданы, R – газ тұрақтысы, T – абсолюттік температура, D – химиялық диффузия коэффициенті ($см^2 \cdot с^{-1}$), ал υ – сканерлеу жылдамдығы ($В \cdot с^{-1}$).

Циклдік вольтамперометрия әдісі арқылы есептелген магний иондарының диффузия коэффициенті (D_{Mg}) $1{,}51 \cdot 10^{-10}$ $см^2 \cdot с^{-1}$-ке тең болды.

Катодтық және анодтық шың токтарын, сондай-ақ олардың ығысуын талдау қайтымсыз электродтық кинетика теңдеуі негізінде жүргізілді [38].

$$i_p = 0{,}227nFACk^0 exp\left[-\left(\frac{\alpha n_a F}{RT}\right)\left(E_p - E^{0\prime}\right)\right] \quad (6)$$



Сурет 19 – 0,5 М $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC электролитінде $\upsilon^{1/2}$-ге катодтың ең жоғарғы ток тығыздығының i_{pc} тәуелділігі

мұндағы i_p – шың тоғы, C – электролиттегі концентрация, k_0 – стандартты немесе ішкі жылдамдық константасы, n – электродтық процеске қатысатын электрондар саны, E_0 – формальді реакция потенциалы.

Әртүрлі сканерлеу жылдамдықтарында алынған lni_p – $(E_p - E_0)$ графигі бойынша тасымалдау коэффициенттері α = 0,17 (тотықсыздану) және β = 0,83 (тотығу), сондай-ақ тотықсыздану үшін жылдамдық константасы $k = 1{,}55 \cdot 10^{-10}$ см·с$^{-1}$ анықталды. α коэффициентінің төмен мәні және магнийдің TiO_2-ге интеркаляциялану жылдамдығының төмен болуы, бұл электродтық реакцияның баяу жүретінін көрсетеді.

Алынған реакция жылдамдығының мәні наноталшықты TiO_2-ге магнийдің интеркаляциясын зерттеген жұмыспен [148] салыстырғанда, магний иондарының TiO_2 нанотүтіктеріне баяу әрі салыстырмалы түрде қайтымсыз түрде интеркаляцияланатынын (электрхимиялық кезеңде) көрсетеді [155].

TiO_2 нанотүтіктердің электрхимиялық қасиеттерін гальваностатикалық заряд-разряд әдісімен зерттеу нәтижесінде олардың магний иондарының интеркаляциясы мен деинтеркаляциясы процестеріне әсері анықталды. 1–50 цикл аралығында алынған заряд-разряд қисықтарының вольтамперограммалары (20-суретте көрсетілген) электрод материалының электрхимиялық тұрақтылығын айқын сипаттайды. Алғашқы бірнеше

циклдерде (1-5) қисықтардың пішіні тез тұрақтанып, бұл материалдың құрылымдық және электрохимиялық бейімделу процесінің бастапқы кезеңдерде жүзеге асатынын көрсетеді.

Одан әрі циклдер саны 50-ге дейін артқан жағдайда да қисықтардың жалпы пішіні айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды. Разрядтық сыйымдылық барлық циклдер бойы тұрақты сақталып, төмендеу үрдісі байқалмайды. Бұл нәтиже зерттелген жүйенің циклдік тұрақтылығы жоғары екенін дәлелдейді.


Сонымен қатар, разрядтық сыйымдылық зарядтық сыйымдылықтан жоғары деңгейде сақталады. Мұндай айырмашылық поляризациялық құбылыстардың болуын, сондай-ақ магний иондарының интеркаляция–деинтеркаляция процестерінің кинетикалық тұрғыдан толық қайтымсыздығын білдіреді. Зарядтық және разрядтық қисықтардың арасындағы айырмашылық деградациялық құбылыстармен және электрод бетінде пассивтендіргіш қабаттардың түзілуімен түсіндіріледі. Дегенмен, алғашқы 50 цикл аралығында бұл факторлардың ықпалы шамалы ғана болып табылады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер 50 цикл жүргізу материалдың электрохимиялық тұрақтылығын сенімді бағалау үшін жеткілікті екенін көрсетті. Разрядтық сыйымдылықтың сақталуы мен қисықтардың қайталанбалығы жүйенің тұрақты жұмыс режиміне жеткенін, ал деградациялық құбылыстардың тек зарядтық және разрядтық сыйымдылықтар арасындағы айырмашылық түрінде ғана байқалатынын дәлелдейді.


Циклдік вольтамперометрия және гальваностатикалық заряд–разряд сынақтарының нәтижелері бойынша, нанотүтіктерде магний иондарының интеркаляциясы орын алғанымен, деинтеркаляция үдерісі шектеулі екені байқалады, бұл қайтымдылықтың төмендігін көрсетеді.

Осылайша, СЭМ талдауы 50 циклдан кейін де TiO_2 нанотүтікшелерінің морфологиясы жалпы сақталатынын және бұл разрядтық сыйымдылықтың тұрақтылығын қамтамасыз ететінін көрсетеді (21-сурет). Алайда беткі тұнбалардың және пассивтендіргіш қабаттардың түзілуі поляризацияның артуына және заряд тасымалдау кедергісінің ұлғаюына әкеледі, соның салдарынан зарядтық сыйымдылық біртіндеп төмендейді.

Жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде 50 циклге дейін разрядтық сыйымдылықтың салыстырмалы түрде тұрақты сақталуы TiO_2 нанотүтіктердің магний иондарының қайталанатын интеркаляция/деинтеркаляция процестеріне белгілі бір деңгейде төтеп бере алатынын көрсетті. Дегенмен, зарядтық сыйымдылықтың төмен мәндер көрсетуі және жалпы разрядтық сыйымдылықтың өте аз болуы (шамамен 0,4 мА·сағ/г деңгейінде) TiO_2 нанотүтіктердің магний-иондық батареяларда қолданылуы бірқатар шектеулерге ұшырайтынын байқатады.



Сурет 20. TiO_2 НТ елу циклінің ток жылдамдығы 1С заряд-разрядтық кернеу профильдері




Сурет 21 – Интеркаляцияға дейінгі және 50 циклдан кейін түсірілген TiO_2 НТ СЭМ суреттері

Бұл құбылыстың негізгі себептері толық анықталмағанымен, магний иондарының үлкен иондық радиусы, екі зарядты табиғаты және қатты фаза ішіндегі баяу диффузиясы электрод материалында интеркаляция процестерінің шектелуіне алып келетіні белгілі. Осыған байланысты, сыйымдылықтың төмен мәндері материалдың табиғи шектеулерін немесе қолданылған электролит әсерін көрсетуі ықтимал.

Соған қарамастан, разрядтық сыйымдылықтың 50 цикл бойы салыстырмалы тұрақтылықпен сақталуы TiO_2 нанотүтіктердің құрылымдық беріктігін және циклдеу кезіндегі механикалық тұрақтылығын дәлелдейді. Бұл қасиеттер материалды болашақта тереңірек зерттеуге негіз болады. Алдағы зерттеулер ең алдымен TiO_2 негізіндегі анодтарда магний иондарының төмен сыйымдылық көрсету себептерін анықтауға бағытталуы тиіс.

3.2.2 TiO_2 наноталшықтарының электрхимиялық сипаттамаларын зерттеу

Наноталшықты TiO_2 негізіндегі анодтық материалдың магний иондарын интеркаляциялау кезіндегі электрхимиялық қасиеттерін бағалау да этиленкарбонат (EC) және диметилкарбонат (DMC) қоспасындағы $Mg(TFSI)_2$ электролитінде жүргізілді. Сондай-ақ, наноталшықты титан оксидінің және коммерциялық ұнтақтың циклдік вольтамперограммаларын салыстыру нәтижесінде, наноталшықты құрылымның магний иондарын интеркаляциялау үшін анағұрлым қолайлы екені анықталды. Сонымен қатар, тек ацетиленді күйенің (титан оксидінсіз) пайдалана отырып жеке тәжірибе жүргізілді. Бұл тәжірибенің мақсаты – электродтың меншікті сыйымдылығына және электрхимиялық реакцияларға күйенің ықпалын айқындау болды. Нәтижесінде вольтамперограммаларда ешқандай шыңдар тіркелмеді, бұл өз кезегінде ацетилен күйесінің электрхимиялық процестерге айтарлықтай үлес қоспайтынын көрсетті. (Сурет 22).




Сурет 22 – Коммерциялық, наноталшықты TiO_2 және ацетиленді күйенің циклдік вольтамперограммалары, 0,5 М $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC, 10 мВ $с^{-1}$

ЦВА нәтижелері бойынша бірінші төрт циклдің қисықтары 23-суретте көрсетілген. Алғашқы циклдерде шамамен 1,45 В (катодтық) және 1,83 В (анодтық) деңгейінде айқын редокс-шыңдар байқалды. Бұл TiO_2 құрылымына Mg^{2+} иондарының интеркаляциясы мен деинтеркаляция процестеріне сәйкес келеді. Алайда цикл саны артқан сайын бұл шыңдар сәйкесінше теріс (катодтық) және оң (анодтық) бағытта ығысып отырды. Мұндай өзгеріс жүйедегі поляризацияның артуын және электрхимиялық процестердің кинетикасының нашарлауын көрсетеді.

Сонымен қатар, үшінші және төртінші циклдерде шың токтарының айтарлықтай төмендегені байқалды. Бұл құбылыс TiO_2 материалының $Mg(TFSI)_2$/EC:DMC электролитінде тұрақты жұмыс істемейтінін, яғни оның циклдік тұрақтылығының төмен екенін білдіреді. Мұндай тұрақсыздықтың себептері ретінде материал құрылымындағы өзгерістер немесе интеркаляция барысында электрод бетінде пассивацияға әкелетін жанама процестер болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер бастапқыда электрхимиялық белсенділік бар екенін көрсеткенімен, бұл ортада ұзақмерзімді циклдеуге жарамдылығы шектеулі екенін дәлелдейді.



Сурет 23 – Наноталшықты TiO_2 0,5 М $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC электролитіндегі циклдік вольтамперограммалары, 10 мВ $с^{-1}$


TiO_2 анодтық материалының электрхимиялық әрекетін тереңірек түсіну мақсатында екі түрлі электролитте ЦВА зерттеулері жүргізілді:

1. Магний тұзы $Mg(TFSI)_2$ қосылған EC:DMC ерітіндісінде,
2. Тек таза EC:DMC ерітіндісінде, яғни магний иондары жоқ жағдайда.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, магний тұзы жоқ электролитте вольтамперограммаларда айқын редокс-шыңдар байқалмайды, ал тіркелген ток тығыздығы әлдеқайда төмен болады. Бұл еріткіштегі TiO_2 құрылымына иондардың интеркаляциялануы және деинтеркаляциялануы жүзеге аспайтынын көрсетеді (Сурет 24). Сондықтан, магний тұзы бар электролиттегі шыңдардың пайда болуы Mg^{2+} иондарының TiO_2 анодына енгізілуі мен шығарылуына байланысты екені анықталды.

Осы салыстыру арқылы еріткіштің (EC:DMC) және қосымша химиялық реакциялардың TiO_2 электрхимиялық белсенділігіне әсері аз екені анықталып,

зерттеліп отырған жүйедегі негізгі электрхимиялық процесстің Mg^{2+} иондарының қатысуымен жүзеге асатыны сенімді түрде дәлелденді.




Сурет 24 – Наноталшықты TiO_2 0,5 М $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC және таза EC/DMC электролиттеріндегі циклдік вольтамперограммалары, 10 мВ $с^{-1}$

Алынған материалдың құрылымдық ерекшеліктерінің электрхимиялық қасиеттерге қалай әсер ететінін және анодтық материалдың магний иондарының интеркаляциясы мен деинтеркаляциясындағы тиімділігін бағалау мақсатында TiO_2 гидротермиялық синтезден кейін және 450°С температурада өңдеуден өткеннен кейінгі нәтижелер салыстырылды. Нәтижелер көрсеткендей, күйдірілмеген электродта тек катодтық шыңдар байқалды, яғни материалға магний иондарының интеркаляциясы орын алғанымен, анодтық шыңдар анық көрінбеді. Бұл жағдай Mg^{2+} иондарының TiO_2 құрылымынан тиімді шығарылмауын, яғни деинтеркаляция процессінің нашарлығын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл электродтың электрхимиялық кері реакцияға қабілетсіз екенін білдіреді.

Ал 450°С температурада күйдірілген электродта екі бағытта да, яғни катодтық және анодтық редокс-шыңдар айқын көрініп, циклдік процесстердің қайтымдылығы жоғары болды (Сурет 25). Бұл күйдірудің TiO_2 құрылымын кристалдандырып, дефектілерді азайтып, иондардың еркін қозғалысына жағдай жасағанын дәлелдейді.

TiO_2 анодтық материалының электрхимиялық процестерінің кинетикасын тереңірек зерттеу үшін циклдік вольтамперометрия әртүрлі потенциал берілу жылдамдықтарында жүргізілді. Потенциал берілу жылдамдығын өзгерту зарядтау-разрядтау процестерінің қарқынына, диффузиялық шектеулерге әсерін бағалауға және реакцияның беткі немесе иондардың диффузиясына тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Потенциал берілу жылдамдығы артқан сайын катодтық шыңдар теріс бағытқа, ал анодтық шыңдар оң бағытқа ығысады, бұл электродтық процестердегі поляризацияның жоғарылауымен байланысты (Сурет 26). Сонымен қатар, потенциал берілу жылдамдығы ұлғайған сайын шың токтарының амплитудасы да өседі, бұл потенциалдың жылдам өзгеруіне байланысты реакциялардың қарқындырақ өтуін көрсетеді.




Сурет 25 – Наноталшықты TiO_2 термиялық өдеуге дейін және кейінгі 0,5 M $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC электролитіндегі циклдік вольтамперограммалары, 10 мВ $с^{-1}$

Ал өте төмен жылдамдықтарда токтар айтарлықтай төмендеп, шыңдар анық көрінбеуі мүмкін. Бұл жүйенің тынысталуына және процестердің динамикасының бәсеңдеуіне байланысты.

Осы талдау магний иондарының TiO_2 құрылымына интеркаляциясы мен деинтеркаляциясының кинетикалық және диффузиялық ерекшеліктерін толық түсінуге мүмкіндік береді.

Данном және әріптестері [157] ұсынған мәліметтерге сәйкес, ЦВА қисығының астындағы аудан жинақталған жалпы зарядты көрсетеді, ол диффузиямен бақыланатын процестермен қатар, сыйымдылық үлесін де қамтиды. Алайда, циклдік вольтамперограммаларда анодтық және катодтық шыңдардың айқын көрінбеуі себепті, заряд тасымал механизміне дәлірек талдау жүргізу үшін тұрақты потенциалдар әдісі қолданылды. Потенциалдар анодтық толқын маңында (шамамен 1,4 В) таңдалып, олардың негізінде токтың (i) сканерлеу жылдамдығына (υ) тәуелділігі талданды (Сурет 27). Өлшенген ток (i) мен сканерлеу жылдамдығы (υ) арасындағы байланыс 1-формуламен сипатталады [157]. Заряд сақтау механизмімен байланысты b коэффициентінің мәні электродтық материалдағы кинетикалық үдерістердің табиғатын сипаттайтын маңызды параметр болып табылады [157]. Зерттеу


нәтижелері бойынша, анодтық реакциялар үшін b коэффициентінің мәні 0,77–0,83 аралығында болғаны анықталды (сканерлеу жылдамдығы 1–10 мВ·с$^{-1}$ аралығында). Бұл заряд жинақтаудың аралас механизмі бар екенін көрсетеді, яғни жүйеде диффузиямен шектелетін интеркаляция және беткі псевдоемкостық реакциялар қатар жүріп жатады. Мұндай аралас сипат наноқұрылымды электрод материалдарына, соның ішінде TiO_2 негізіндегі анодтарға, тән қасиет болып табылады, себебі олардың жоғары меншікті беткі ауданы және кеуекті құрылымы иондардың диффузиясын жеңілдетіп, бір уақытта беткі реакцияларға да жағдай жасайды [139].



Сурет 26 – Наноталшықты TiO_2 0,5 М $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC және таза EC/DMC электролиттеріндегі әр түрлі потенциал берілу жылдамдықтарындағы циклдік вольтамперограммалары

Циклдік вольтамперограмма нәтижелерін Рандлеса–Шевчика теңдеуі бойынша (5-теңдеу) өңдеу барысында диффузиялық тасымал процесі анықталып, Mg^{2+} иондарының диффузия коэффициенті D_{Mg2+}= 5,70 10^{-11} см^2/с мәніне тең болды (Сурет 28).


TiO_2 электродының электрхимиялық кинетикасын бағалау нәтижелері бойынша әртүрлі сканерлеу жылдамдықтарында алынған ln – (E_p–E_0) графигі негізінде электрон тасымалдау коэффициенттері анықталды: тотықсыздану үшін α = 0,22 және тотығу үшін β = 0,78. Сонымен қатар, магний иондарының интеркаляциясына сәйкес келетін реакция жылдамдығының тұрақтысы k=1,67×10^{-11} см·с$^{-1}$ деңгейінде бағаланды.



Сурет 27 – Әртүрлі потенциалдар мен әртүрлі сканерлеу жылдамдығында (Mg/Mg^{2+} тәуелді) lg(i)-нің lg(υ)-ге токтардың тәуелділік графигі.

Анықталған α коэффициентінің төмен мәні және интеркаляция жылдамдық константасы магний иондарының TiO_2 құрылымына баяу және шектеулі түрде енетінін көрсетеді. Бұл нәтиже электрхимиялық үдерістің баяу және салыстырмалы түрде қайтымсыз сипатта өтетінін айғақтайды.


Алынған көрсеткіштер электрхимиялық анодтау әдісімен алынған TiO_2 нанотүтіктерімен салыстырғанда магнийдің интеркаляциясы баяу жүретінін және процестің электрхимиялық кезеңі негізінен қайтымсыз сипатта болатынын растайды.



Сурет 28 – 0,5 М $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC электролитінде $\upsilon^{1/2}$-ге катодтың ең жоғарғы ток тығыздығының i_{pc} тәуелділігі

Наноталшықты TiO_2 негізіндегі электродтың 1С ток жылдамдығындағы гальваностатикалық заряд/разряд қисықтары оның магний иондарын интеркаляциялау және қайтымдылық қасиеттерін бағалауға мүмкіндік береді (Сурет 29). Екінші циклде алынған деректерге сәйкес, электродтың зарядтық сыйымдылығы 13,25 мА·сағ/г-тан 6,5 мА·сағ/г-қа дейін күрт төмендеген. Бұл алғашқы цикл барысында материал бетінде қайтымсыз процестердің жүретінін және тұрақты SEI қабатының түзілуі мүмкін екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, разрядтық сыйымдылықтың 2,7 мА·сағ/г-тан 2,28 мА·сағ/г-қа дейін төмендеуі материалдың қайтымдылық деңгейінің шектеулі екенін көрсетеді. Мұндай айырмашылықтар Mg^{2+} иондарының құрылымға толық интеркаляцияланып, келесі циклдерде сол көлемде кері деинтеркаляциялана алмауымен түсіндіріледі. Бұл TiO_2 материалына тән ион өткізгіштік арналарының жеткіліксіздігімен және магний иондарының салыстырмалы түрде баяу диффузиясымен байланысты.




Сурет 29 – 1С ток жылдамдығындағы TiO_2 наноталшықтардың гальваностатикалық заряд-разряд қисықтарының кернеу профильдері

Гальваностатикалық қисықтарда байқалатын айқын емес плато аймақтары және қисықтардың көлбеу сипаты материалдағы интеркаляция үдерісінің фазалық ауысусыз, диффузиямен шектелген сипатта жүретінін дәлелдейді. Мұндай әрекет псевдокапаситивті немесе фарадей заңы бойынша жүрмейтін процестердің басым екенін білдіреді.


Жалпы алынған деректер электрод материалының алғашқы циклда жоғары заряд қабылдайтындығын көрсеткенімен, кейінгі циклдарда оның разрядтық сыйымдылығының едәуір кемитінін айқындайды. Магний иондарымен көпреттік жұмыс істеудің морфологиялық салдарын бағалау үшін

50 циклдан кейінгі TiO_2 наноталшықтары СЭМ және ЭДС әдістерімен зерттеліп, бастапқы күймен салыстырмалы талдау жүргізілді (Сурет 30). СЭМ бейнелері интеркаляциядан кейін беткі құрылымның айқын өзгергенін көрсетеді: талшықтардың пішіні бұзылып, беті кедір-бұдырланады, ал жекелеген аймақтарда агрегация/жабысып қалу белгілері байқалады (Сурет 30ә). Мұндай өзгерістер Mg^{2+} иондарының матрицаға енуі кезінде туындайтын ішкі кернеулермен, жергілікті аморфтанумен және ықтимал құрылымдық-фазалық қайта құрулармен (соның ішінде бетте SEI-тәрізді қабаттың өсуімен) байланысты болуы мүмкін.

ЭДС арқылы алынған элементтік талдау Mg элементінің бар екенін растайды (Сурет 30в), бұл толық деинтеркаляцияның жүрмегенін және Mg-дің құрылымда немесе бетте ұсталып қалуын білдіруі мүмкін. Сонымен бірге, оттегі мен титан сигналдарының таралуындағы өзгерістер Mg^{2+}-тің талшық архитектурасына әсерін көрсетеді: белсенді бет ауданының кемуі, иондық тасымал жолының ұзаруы және контакттық кедергілердің артуы мүмкін. Сыйымдылықтың цикл бойынша төмендеуі, сондай-ақ EIS-те жартышеңбер диаметрінің ұлғаюы арқылы көрінетін R_{ct} және R_s өсуі (аралық қабат/тасымал кедергілерінің артуы) осы тұжырымды растайды (Сурет 31) (Кесте 5).



Сурет 30 – TiO_2 наноталшықтарының интеркаляцияға дейінгі (А) және 50 циклден кейінгі (Ә) СЭМ суреттері мен интеркаляцияға дейінгі (Б) және 50 циклден кейінгі (В) ЭДС спектрлері



Сурет 31 – 1, 30, 50 циклден кейін түсірілген Найквист графиктері

Кесте 5. EIS әдісімен анықталған электролит кедергісінің (R_s), зарядты тасымалдау кедергісінің (R_{ct}), екі қабатты сыйымдылығының (C_{dl}) мәндері

Цикл	R_s,(Ω·см^2)	R_{ct},(Ω·см^2)	C_{dl}, (мкФ·см$^{-2}$)
1	45,50±0,31	65,39±0,23	170,69±0,16
80	84,12±0,34	76,45±0,42	38,67±0,51
100	97,78±0,52	110,80±0,35	19,45±0,37

Осылайша, СЭМ/ЭДС нәтижелері Mg^{2+} интеркаляциясының шектеулі қайтымдылығын және морфологияның деградацияға үлесін дәлелдейді: жергілікті құрылымдық бұзылу мен фазааралық қабаттың қалыңдауы ұзақ циклде поляризацияны күшейтіп, меншікті сыйымдылықтың біртіндеп төмендеуіне алып келеді.

3.2.3 TiO_2 нанотаяқшаларының $Mg(ClO_4)_2$ электролитінен магнийдің разряды және иондалуын зерттеу

Нанотаяқшалы TiO_2 үлгілерінің электрхимиялық қасиеттері бастапқыда $Mg(TFSI)_2$ EC/DMC электролитте зерттелді. Бұл электролит жүйесі МИБ жиі қолданылатын стандартты орта болып табылады. Алайда, циклдік вольтамперометриялық (ЦВА) зерттеулер нәтижесінде Mg^{2+} иондарының материал құрылымына қайтымды интеркаляциясын білдіретін айқын шыңдар байқалмады (Сурет 32).

Электрод материалының құрылымдық ерекшеліктері – атап айтқанда, нанотаяқшалы үлгілердің жоғары кристалдылығы мен төмен меншікті беткі ауданы – магний иондарының белсенді орталарға енуіне кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, Mg^{2+} иондарының төмен қозғалғыштығы мен

карбонатты еріткіштерде күшті сольватталған күйде болуы интеркаляция процесінің өтуін қиындатады.

Осы шектеулерді ескере отырып, балама жүйе ретінде магний перхлораты ($Mg(ClO_4)_2$) ацетонитрил (АН) еріткішінде пайдаланылды. Ацетонитрил – жоғары диэлектрлік өтімділікке және төмен тұтқырлыққа ие апротонды еріткіш – магний тұздарын тиімді ерітеді және магний иондарының кешендік түрлерін тұрақтандыру қабілетімен ерекшеленеді. Бұл қасиеттер оны магний-иондық жүйелерді зерттеуде тиімді құрал етеді.


Дегенмен, бұл ортада да титан оксиді айқын электрхимиялық белсенділік көрсетпеді. Бұл, бір жағынан, электрод материалындағы белсенді орталардың жеткіліксіздігімен, екінші жағынан, Mg^{2+} иондарының қатты фазаға баяу өтуімен байланысты болуы мүмкін.

TiO_2 материалының әртүрлі сканерлеу жылдамдықтарындағы ЦВА қисықтары (3Зa-сурет) қисық ауданы мен сканерлеу жылдамдығы арасында тікелей байланыс бар екенін көрсетеді, бұл заряд–разряд процестері тек электр қос қабаты деңгейінде жүретін, яғни фарадейлік емес процестерге тән құбылыс. Алайда, алдыңғы зерттеулерде [127, 145] V_2O_5 электродының 0,1 М $Mg(ClO_4)_2$/ацетонитрил (АН) электролитіндегі ЦВА қисықтарында айқын анодтық және катодтық шыңдар байқалған.

Сондай-ақ, $Mg(TFSI)_2$ негізіндегі электролитте анодтық шыңдар қарқындылығы әлдеқайда төмен болғаны байқалған, бұл әлсіз координацияланатын анион табиғатымен түсіндіріледі. Жалпы алғанда, ацетонитрил негізіндегі электролиттер EC/DMC қоспасымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары ток тығыздығын қамтамасыз етеді.


Зерттеулер көрсеткендей, электролитке аз мөлшерде хлорид-иондарын (мысалы, LiCl түрінде) қосу Mg^{2+} иондарының интеркаляциясын жақсартады және процестің қайтымдылығын арттырады [158]. Бұл хлоридтердің Mg^{2+} иондарымен кешендік құрылымдар түзуі арқылы интеркаляция кинетикасын жылдамдататынына байланысты. Алайда, TiO_2 негізіндегі материалдар үшін хлорид аниондарының мұндай «активация» әсері туралы зерттеулер өте аз және осы диссертациялық жұмыс осы олқылықты толықтыруға бағытталған.


3Зә-суретте Cl^- аниондарының АН электролитіндегі Mg электрхимиялық әрекетіне әсері көрсетілген. Таза еріткіш АН (і қисығы) және құрамында 0,009 М LiCl бар электролит (іі қисығы) таза фарадейлік емес әрекет көрсетті; керісінше, магний перхлоратының қатысуымен катодтық шың пайда болды (қисық ііі). Сонымен қатар, 0,05 М $Mg(ClO_4)_2$ ерітіндісінің циклдік вольтамперограммасынан ііі қисығының Mg қарсы әлсіз кері қайтымдылығын көрсететін әлсіз катодтық шыңы бар екені анық. Сонымен қатар, хлорид аниондарының аздаған мөлшері болған жағдайда (IV қисық) анодтық және катодтық шыңдардың аудандары айтарлықтай өсті. Хлоридті аниондардың бұл «активтену» әсерін [158] ұсынғандай күшті сіңірілетін күрделі қабаттың түзілуімен түсіндіруге болады.



Сурет 32 – $Mg(TFSI)_2$-EC/DMC электролитіндегі TiO_2 циклдік вольтметрия (ЦВ) қисықтары

Осыған байланысты, $Mg(ClO_4)_2$ электролитіндегі TiO_2 үшін анодтық шың токтарының төмен болуы электрод/электролит шекарасында қатты электролиттік интерфаза қабатының түзілуімен, магний иондарының толық шықпауы (деинтеркалациясының әлсіздігімен), сондай-ақ жүйеде жүретін өзге де паразиттік процестермен түсіндірілуі мүмкін.





33-сурет – TiO_2-нің 0.05 М $Mg(ClO_4)_2$/АН электролитіндегі әртүрлі сканерлеу жылдамдықтарындағы циклдік вольтамперометрия (CV) қисықтары (а); таза ацетонитрилдегі (i), ацетонитрилдегі (ii) 0,009М LiCl, ацетонитрилдегі (iii) 0,05М $Mg(ClO_4)_2$ және 0,05М $Mg(ClO_4)_2$ + 0,009М LiCl электролитіндегі TiO_2 (iv) (ә) ЦВ қисықтары. Электрод бетінің геометриялық ауданы 0,694 $см^2$, ал бірлік аудандағы композициялық материалдың массасы (80% TiO_2) шамамен 0,0166 г/$см^2$ болды.

Дегенмен, 34а-суреттегі ЦВА қисығынан хлорид иондарының қатысуымен бұл әсердің жойылатынын көруге болады. Перхлорат ерітіндісіне хлорид иондарын қосу, керісінше, материалдың сыйымдылығын аздап арттырады, шамасы, SEI арқылы түзілген қабыршақты жартылай ерітеді және электрхимиялық белсенді бөлшектердің (магний және литий иондары) интеркаляциясын жақсартады.


Литий хлориді концентрациясының ерітінді/электрод интерфейсі арқылы Mg иондарының разряд/ионизация реакциясының зарядты тасымалдау сатысына әсері келесі бөлімде талқыланады.


Магний/литий аралас электролиттегі TiO_2/Ni материалының электрхимиялық қасиеттері

TiO_2/Ni электродының электрхимиялық қасиеттері бастапқыда әртүрлі жағдайларда циклдік вольтамперометрия әдісі арқылы зерттелді. Таза перхлорат электролиті псевдомагний эталондық электродына қатысты шамамен −0,7 В потенциалда әлсіз катодтық шың көрсеткенімен, +1,25 В-қа дейін айқын анодтық шың байқалмады. Сонымен қатар, төмен сканерлеу жылдамдығында ұзақмерзімді өлшеулер барысында электрод бетінің құрылымы айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Бұл құбылыс электродтың


бетінде қатты электролиттік интерфаза қабатының түзілуімен байланысты. Ал литий хлоридінің аздаған мөлшерін енгізу катодтық шыңды −0,7 В-тан −0,5 В-қа ығыстырып, +0,75 В маңында анодтық шыңның пайда болуына алып келеді (34а-сурет). 9 мМ хлорид анионының болуы магнийдің TiO_2-ге енуінің қайтымдылығын жоғарылату арқылы анодтық және катодтық шыңдық токтар арасындағы айырмашылықты азайтады. Алайда, ең жоғары потенциалдар айырмасы (ΔE_p) шамамен 1,20 В болатынын ескерсек, магний иондарының титан оксидіне қосылуы және шығарылуы қайтымды процесс емес. LiCl концентрациясының магний разрядының иондануының қайтымдылығына әсері 35ә-суретте көрсетілген.


TiO_2 ЦВА хлорид аниондарының концентрациясы мен катодтық ең жоғары ток тығыздығы (i_{pc}) арасында тікелей корреляцияның жоқтығын көрсетеді. Тікелей корреляция 9 мМ дейінгі төмен концентрация диапазонында ғана байқалды. Cl^- концентрациясының одан әрі жоғарылауы i_{pc} төмендеуіне алып келді. Сонымен қатар, i_{pc} және C_{LiCl} арасындағы тәуелділік шамамен 9 мМ хлорид ионының максималды концентрациясымен сипатталды. ЦВА нәтижелері электрхимиялық импеданс спектроскопиясымен алынған нәтижелерге сәйкес келді. Литий хлоридінің әртүрлі концентрациясы бар TiO_2 электродтарының электрхимиялық кедергі қисықтары 35-суретте көрсетілген.





Сурет 34 – 2 мВ/с сканерлеу жылдамдығымен TiO_2/Ni электродының циклдік вольтамперограммалары. а) ацетонитрилдегі 0,009 М LiCl (қара сызық) жоқ және бар болған кезде 0,05 М $Mg(ClO_4)_2$ электролиті. ә) Құрамында 0,05 М $Mg(ClO_4)_2$ және ацетонитрилде 6,25-тен 25 мМ-ге дейінгі LiCl әртүрлі концентрациясы бар аралас электролит





Сурет 35 – а) LiCl әртүрлі концентрацияларындағы ацетонитрил электролитіндегі 0,05 М $Mg(ClO_4)_2$-дегі TiO_2-нің Найквист графиктері. ә) $Mg(ClO_4)_2$ әртүрлі концентрацияларындағы 9 мМ LiCl + АН ішіндегі TiO_2-нің Найквисттік графиктері

TiO_2 үшін Найквист сызбаларында диаметрі заряд тасымалдау кедергісіне тең жарты шеңбер және диффузияның шектелуіне байланысты сызықтық бөлік берілген. Төмен жиіліктердегі TiO_2 кедергісі сызықты, бұл Варбург кедергісінің мәнінен магний иондарының диффузиялық коэффициентін есептеуге мүмкіндік береді [149]. Электролит кедергісінің, зарядты тасымалдау кедергісінің, екі қабатты сыйымдылықтың және диффузия коэффициенттерінің мәндері қарапайым Рэндлес эквивалентті тізбегі арқылы эксперименттік қисықтарды орнату арқылы алынды (36а кірістіру суреті). Алынған мәндер 6-кестеде келтірілген.

EIS нәтижелері көрсеткендей, 9 мМ LiCl концентрациясы бар электролит заряд тасымалдауға ең төмен кедергіге (97,1 Ом $см^2$) және ең жоғары сыйымдылыққа ие. Сондықтан бұл композиция әрі қарай зерттеу үшін таңдалды. Электрхимиялық реакцияның жылдамдық константасын анықтау үшін әртүрлі магний перхлорат концентрацияларында АН-дағы TiO_2 үшін EIS жүргізілді (35ә-сурет). Барлық параметрлер 7-кестеде берілген. Алмасу тоғы тығыздығы үшін i_0 мәндері келесі теңдеу арқылы алынды:

$$i_0 = \frac{RT}{nFR_{ct}} \quad (7)$$

мұндағы R – газ тұрақтысы, T – абсолютті температура (K), n – электрод процесіне қатысатын электрондар саны, F – Фарадей тұрақтысы, R_{ct} – зарядты тасымалдау кедергісі (Ω $см^2$).

Кесте 6 – Ацетонитрилдегі 0,05 М $Mg(ClO_4)_2$ магнийдің электрхимиялық разряды-ионизациясы кезіндегі электролит кедергісінің (R_s), зарядты тасымалдау кедергісінің (R_{ct}), екі қабатты сыйымдылығының (C_{dl}) және магний иондарының диффузиялық коэффициенттерінің ($D_{Mg^{2+}}$) мәндері.

C_{LiCl}, мМ	R_s, Ω см^2	R_{ct}, Ω см^2	C_{dl}, мкF см$^{-2}$	$D_{Mg^{2+}}$, х10^{-11} см^2 с$^{-1}$
6,25	53,9±0,6	133.2±2,1	1.99±0,08	28.05±1,10
9,00	50,4±0,7	97.1±1,8	11.73±0,35	29.00±0,95
12,50	59,6±0,9	145.2±2,3	2.68±0,10	23.10±0,90
25,00	62,7±0,8	203.3±2,5	0.56±0,03	6.05±0,40

Кесте 7 – Алмасу тоғы тығыздығының мәндері (i_0), R_{ct}, және $D_{Mg^{2+}}$

$C_{Mg(ClO_4)_2}, M$	R_{ct}, Ω см^2	$i_0, 10^{-4} A$ см$^{-2}$	$D_{Mg^{2+}}$, х10^{-11} см^2 с$^{-1}$
0,05	97,1±2,0	1,32	29,00±0,90
0,10	82,5±1,8	1,56	0,51±0,05
0,15	71,7±1,6	1,79	0,45±0,06

6-кестеде берілген i_0 мәндері n = 2 көмегімен есептелді, бірақ бұл бір элементтік электрхимиялық әрекетте екі электронның зарядтың ауысуын білдірмейді. Сондықтан Mg электрхимиялық тотықсыздануын күрделі көп сатылы электрхимиялық процесс ретінде қабылдау керек. Сонымен қатар, TiO_2 түрінің бір электроны ($Ti^{4+} \rightleftarrows Ti^{3+}$) арқылы қалпына келтіру/тотығу процесі арқылы Mg енгізудің литий-ионды аккумуляторларға Li^+ катиондарын енгізуге ұқсас ықтимал әдісі бар. Барлық есептеулерде электрхимиялық реакция келесідей қарастырылатынын түсіндіру керек:

$$Mg^{2+} + 2e^- \leftrightarrows Mg^0 \qquad (13)$$


Алмасу тоғы тығыздығы мен жоғарыдағы реакцияның жылдамдық константасы (k_s^{exp}) арасындағы тәуелділікті келесі теңдеу арқылы өрнектеуге болады:

$$i_0 = nFk_s^{exp}\left(C_{Mg^{2+}}\right)^{1-\alpha}\left(C_{Mg}\right)^{\alpha} \qquad (8)$$

Егер қысқартылған түрдің (C_{Mg}) белсенділігін елемей, логарифмді алсақ, алмасу тоғының тығыздығының келесі өрнек реакция жылдамдығының константасын анықтауға мүмкіндік береді:

$$logi_0 = log\left(nFk_s^{exp}\right) + (1-\alpha)logC_{Mg^{2+}} \quad (9)$$


Заряд алмасуының өлшенген жылдамдық константасы [149] көрсетілгендей жоғарыдағы теңдеуді пайдаланып $\log j_0 - \log C_{Mg^{2+}}$ сызықтық тәуелділігінен (36а-сурет) есептелді.



Сурет 36 – а) $\log i_0 - \log C_{Mg^{2+}}$ тәуелділігі. Кірістіру: Рэндлес электрлік эквивалентті тізбегі. ә) log(i)-нің log(υ)-ге тәуелділігі, мұндағы i – Mg/Mg^{2+} қатысты 0 В потенциалындағы катодтық ток тығыздығы, сәйкесінше әр түрлі сканерлеу жылдамдығымен.

